

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАНДА КЕЛІСІМ, ТӨЗІМДІЛІК, ДОСТЫҚ ҰҒЫМДАРЫ ҚҰР ҰРАН ЕМЕС

Сарқылмасын Сыр - Ана!



• Біріншіден, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Бұл ғимарат аймақтың қоғамдық өмірі үшін өте маңызды орталық болмақ. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Ассамблея ашу керек. Сонымен қатар Достық үйлері тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарланып отыр. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек. Барлық аймақтағы Достық үйлерін өз азаматтарымыз да, қажет болып жатса, шетелдегі қонақтар да баратын туристтік бағыттар картасына енгізген жөн.

• Екіншіден, ақпараттық кеңістікте бірлік мен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

• Үшіншіден, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері – Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуға тиіс.

• Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры.

Қызылорда облысы әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ЖАҢА "ДОСТЫҚ ҮЙ" ЗАМАНАУИ ҒИМАРАТ БОЛАДЫ

Бүгінде Қызылорда өңірінде 30-дан астам этнос өкілдері тұрады. Олар Сыр өңірінің экономика, мәдениет, спорт, білім, ғылымының дамуына атсалысып, еліміздің өркендеуіне үлес қосуда. Татулық пен келісімнің киелі шаңырағына айналған «Достық үйінде» 11 этномәдени бірлестікке арналған кабинеттер қарастырылған. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай кешенді іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Әрбір этно-мәдени бірлестіктің онкүндігі өткізіліп, ұлттық-мәдени құндылықтар насихатталады.

Н.Нәлібаев облыс әкімі ретінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының әрі төрағасы. Оның төрағалығымен аймақта Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай кеңейтілген кеңес өтті. Басқосуға жауапты сала басшылары, қала, аудан әкімдері мен зиялы қауым өкілдері, ҚХА мүшелері қатысты.

Аймақ басшысы Ассамблея қызметінің маңыздылығын айтып, өңірдегі ауқымды іс-шараларға тоқталды.

– «Баршанызды береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Осы жылдар ішінде Ассамблея халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпұқалттық келісімнің негізіне айналды.

Өңірімізде соңғы жылдары маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Құрылыс қарқын алып, ел игілігі үшін әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріміз күн санап өсіп келеді. Бүгінде барлық аудандағы «Руханият орталықтарында» елдің ынтымағын нығайтуға бағытталған маңызды жобалар іске асырылуда. Орталықтардағы «Қоғамдық келісім» кабинеттері этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін дамытуға мүмкіндік береді.

Ассамблеяның мерейлі жылында баршамыз үшін қуанышты жаңалық – Қызылорда қаласында жаңа «Достық үйі» салынады. Ғимарат жыл соңында ел игілігіне табысталады. Бұл аймақ жұртшылығының бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктерге арналған, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады», – деді Н.Нәлібаев.

Отырыста облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Дильфура Байрақтарова, Ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың жетекшісі Айтжан Оразбақов, ардагер Асылбек Жұмабаев сөз сөйлеп, аймақтағы жетістіктерді атап өтті.

Басқосуда Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мерекелік медаль табысталды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар марапат төрінен көрінді.

• Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Өрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты

• Өрине, елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлемеге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішінде жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үй ішіндегі ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын арандатушылар туралы да айтып отырымыз.

• Күріш пен күрмекті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жиіркенішті қорпауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатудың жолын кесіп келеміз, бұдан әрі де қатаң тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігінің жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі әр істен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпасқа болмайды. Бұл Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті, мемлекеттік органдарды болсалайтын бұрынғы азаматтарымыздың әрекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаға ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзінен

млрд. теңгеден астам қаражат салын-

ды», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет басшысының айтуынша қазіргі уақытта ұлттық жобаны іске асы-

Сондай-ақ жұмыс кестесінен арт-та қалған нақты аймақтар да бар. Мәселен, Ақтөбе, Жамбыл, Жетісу және Шығыс Қазақстан облыстарында осы

күнге дейін 6 нысан бойынша жобалық құжаттама әзірленбеген. Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Ұлытау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында 8 жоба бойынша мемлекеттік сараптама дайын емес.

Премьер-министр Денсаулық сақтау министрлігіне биыл құрылысы аяқталуы жоспарланып отырған 188 медициналық нысанның салыну барысына апта сайын мониторинг жүргізуді және ауруханаларды жаңғырту жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды. Заманауи медициналық құралдарды уақытылы сатып алу және нысандарды жабдықтау бойынша қажетті шараларды қабылдау қажеттігі атап өтілді.

Өңір әкімдеріне биыл жоспарланған барлық медициналық нысандарды мерзімінен кешіктірмей, сапалы іске асыру және уақтылы іске қосуды қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар берілді. Жетісу, Ақтөбе, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары әкімдіктеріне осы жылдың 15 мамырына дейін аудандық ауруханаларды жаңғырту бойынша барлық жоба-

лық құжаттаманы мемлекеттік сараптамаға жіберу қажеттігі атап өтілді.

Премьер-министр қолдау шараларының толық әлеуметтік пакетін қамтамасыз ете отырып, медициналық кадрларды қазірден бастап тарту жөнінде нақты шаралар қабылдауды міндеттеді.

Ресми ақпарат көздерінен

Үкімет: “ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУДА ҚЫЗЫЛОРДАДА НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтіп, күн тәртібінде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру, құрылыс саласын цифрландыру, қала құрылысы кадастры мәселелері қаралғаны белгілі. Бұл жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақта «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 28 медициналық нысан салынып, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуде. Шұғыл медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру үшін 9 млрд. 773 млн. теңгенің 4 жобасы қолға алынған.

Өткен жылы Шиелі ауданындағы қосымша ғимарат пен жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысына Үкімет резервінен 3 млрд. теңге бөлініп, жұмыс жүруде. Нысандар маусым айында іске қосылады. Биыл Арал, Жаңақорған, Қазалыдағы көпбейінді аудандық ауруханалар ғимараттарына қосымша құрылыс салуға арнаулы мемлекеттік қордан 6 млрд. 900 млн. теңге қаралып, құрылысы басталды. Жыл аяғында пайдалануға беру жоспарланған.

ру шеңберінде Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында нысандардың құрылысы бойынша жұмыстар аяқталған. Құрылыс қарқыны бойынша Жетісу, Ұлытау, Жамбыл, Ақтөбе, Ақмола және Қарағанды облыстарында белгілі бір төуекелдер бар.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМДЫ МА?

Сенатор Наурызбай Байқадамов депутаттық сауалында жекеменшік мектептердің көбеюі және олардың мемлекеттік білім беруге ісіне ықпалына байланысты проблемалар туралы айтып берді.

Депутаттың айтуынша, Қазақстанда жекеменшік мектептер қарқынды дамып келеді және мемлекет бұл секторға айтарлықтай қолдау көрсетуде. Алайда, жекеменшік мектептер санының көбеюімен қатар оларды реттеуді талап ететін проблемалар да пайда болады. Сенатор бірнеше негізгі мәселелерге назар аударды.

- «Жер телімдері бастапқыда жеке меншік құқығындағы кәсіпкерлік,

немесе жеке тұрғын үй ретінде алынып, кейін нысаналы мақсаты өзгертіліп, мектеп ретінде ашылуда. Салынатын мектеп құрылысының құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келетін типтік жобасы бекітілуі керек. Жекеменшік білім беру ұйымдарына атау беру ономастика саласындағы заңнамалармен реттелуі керек. Мектеп құрылтайшылары баланы көбейту үшін орталыққа елді мекендерден балалар тасымалдауда. Тасымалданатын балалардың жол қауіпсіздігі мәселесі алаңдатууда», - деп атап өтті сенатор.

Сенатор осы мәселелерге байланысты жағдайды реттеу үшін



бірқатар шараларды ұсынды. Ол оқу орындарын салу кезінде жергілікті билік органдарының пікірлерін ескеру қажеттігін, сондай-ақ жеке меншік мектептерді қаржыландыру және оқушылардың әлеуметтік қамсыздандырылуын ұйымдастыру тәсілдерін қайта қараудың маңыздылығын атап өтті.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРАЛҒИ КҮНІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Қызылорда облысында “Қазақстан – Достық мекені” атты форум өтті.

Форум аясында қатысушылар үшін Қызылорда қаласына арнайы экскурсия жүргізілді. Алғашқы аялдама - “Анаға тағым” орталығы болды, мұнда тағылымды дәрістер тыңдалып, қала тарихымен танысуға мүмкіндік болды. Қаланың ел астанасы болғанына 100 жыл толуына орай, тарихи-мәдени экскурсия ұйымдастырылды. Қала орталығындағы жанартылған Орталық алаңмен танысқан қонақтар “Достық үйі” ғимаратында экскурсия жасап, этномәдени бірлестіктердің жұмыс кабинеттерімен танысты. Экскурсия барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған бейнеролик Лэд экраннан көрсетілді.

Келесі кезеңде дөңгелек үстел форматында мазмұнды пікір алмасу ұйымдастырылып, қатысушылар өңірдегі белсенді этнос өкілдерімен кездесіп, достық пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бағытталған бастамалар талқыланды. Дөңгелек үстелде “Қоғамдық келісім” директорының орынбасары Дәулет Омаров сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтап, еліміздегі этносаралық келісім мен бірлікті нығайтудағы маңызды қадамдарды атап өтті.

Шара қорытындысында Жалағаш ауданындағы белсенді этнос өкілдері Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюповтың Алғыс хатымен марапатталды.

«ҚАЗАҚ» АТАУЫ 100 ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРЫЛДЫ?

4-бетте

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы жаңадан ашылған көшелерге атау беру жөніндегі жергілікті ауыл тұрғындарының жиналысы 2025 жылдың мамыр айының 30-ы күні №18 көшеде өткізіледі.

Күн тәртібінде

Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы жаңадан ашылған №18 көшені Төлепбайұлы Ермектің есімімен атау туралы

Төлепбаев Ермек

Төлепбайұлы Ермек 1907 жылы Қарсақбай жерінде дүниеге келген. 1927 жылдары Сыр бойына келіп алғашқы ауыл шаруашылық артельдерінің жұмыстарына қатысқан. Осындай серіктестердің бірі «Батпақ қара» колхозының 1935 жылы басқарма бастығы қызметін атқарды. 1941 жылдың желтоқсан айында әскерге алынып, алдымен Өскемен жерінде әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың шілдесінде соғысқа жіберіледі. Беларусь республикасы жерін, Балтық бойын жаудан қорғап, Шығыс Пруссияны жаудан босатуға қатысты. Польша қаласын жаудан босату барысында жараланып, госпитальға түсіп емделеді. Ұлы Отан соғысы Кеңестер Одағының жеңісімен аяқталғаннан кейін, 1945 жылы елге қайтарылады. Елге келгеннен кейін бойма меңгерушісі (завхоз) қызметін атқарады. І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.

1996 жылы наурыз айында дүниеден өтті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы жаңадан ашылған көшелерге атау беру жөніндегі жергілікті ауыл тұрғындарының жиналысы 2025 жылдың мамыр айының 30-ы күні №19 көшеде өткізіледі.

Күн тәртібінде

Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы жаңадан ашылған №19 көшені Қорғанбеков Жаман есімімен атау туралы

Қорғанбеков Жаман

Қорғанбеков Жаман 1916 жылы 11 мамырда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, №4 Киров ауылында туған. 1933 жылы яғни 17 жасында осы колхозға мүше болып, шаруашылықтың қол жұмыстарына қатысып, өзінің еңбекке ынталылығын көрсеткен. Осы бейбіт еңбек жолында жүрген кезде дүниежүзілік екінші соғысқа шақырылып, Гитлерлік фашистермен №21 және одан кейін №08 жеңіл артиллериялық полк құрамында кіші сержант шенінде соғысып, 1943 жылдың 28 тамызында Қызыл жұлдыз орденімен және басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін елге оралып, ұзақ жылдар бойы сыыр бағып, бақташылық жұмыспен айналысты. 1982 жылдың 29 қыркүйегі күні дүниеден өтті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы жаңадан ашылған көшелерге атау беру жөніндегі жергілікті ауыл тұрғындарының жиналысы 2025 жылдың мамыр айының 30-ы күні Канал-2 көшесінде өткізіледі.

Күн тәртібінде

Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы Канал-2 көшесін Байкуатов Байқадамның есімімен атау туралы

Байкуатов Байқадам

1925 жылы Қызылорда облысына қарасты Шіркейлі ауылында дүниеге келген. 1943 жылы әскер қатарына шақырылып, 1948 жылға дейін Қыыр шығыста, Манчжурия жерлерінде әскери борышын өтеген. 1948 жылы елге оралып, Қызылорда ауылшаруашылығы техникумына түсіп оқып, техник–электрик мамандығын алған. Алғашқы еңбек жолын осы алған мамандығы бойынша 1952 жылы Қызылорда плотина құрылысы мекемесінде электрик, бригадир, инженер–энергетик қызметін атқарған.

1955 жылы «Ойшенгел» атты жаңа қонысында электр станциясын орнатып және оның жұмыстарын басқарған. Орталықты жарықтандырып, гараж, шеберхана, диірмен, басқа да орындарды электр энергиясымен қамтамасыз еткен. Электр энергиясын тұтыну бүкіл ел бойынша бірыңғай орталықтандырылған жүйеге көшкенде, ол кісі колхоздың егіс бригадасын басқару жұмыстарымен айналысып, шаруашылығымыздың астық өндіру мүмкіндіктерін арттыруға атсалысты.

Байкуатов Байқадам І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.

1983 жылдың 1 наурызында дүниеден өтті.

2025 жылғы II тоқсанда Жалағаш ауданының дене тәрбиесі,спорт және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі,аты,өкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Жантуганов Еркен Ертуганович	«Жалағаш ауданының дене тәрбиесі,спорт және туризм бөлімі»коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы	Сәрсенбі күні сағат 16:00 ден 17:00-ге дейін	Апта сайын

КӨШЕГЕ АТАУ БЕРУ ТУРАЛЫ

«Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес, Шижаға ауылының батыс бетіндегі Шижаға көшесіне Бірлік атауын беру мақсатында елді мекен халқының пікірін ескеру үшін жергілікті қоғамдастықтың және көше тұрғындарының қатысуымен 2025 жылы 29 сәуір күні сағат 10:00 де жиналыс өткізілді.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай отырып, жергілікті қоғамдастық шешім қабылдады:

Шижаға ауылының батыс бетіндегі Шижаға көшесіне Бірлік атауын беру жөнінде осы көше тұрғындарының келісіміне сәйкес ұсыныс мақұлданды.

«Аққұм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысына сәйкес, **2025 жылғы 30 мамыр жергілікті уақыт 10:00-10:30 аралығында** Ақжарма ауылдық округінің Баймұрат батыр ауылында атаусыз қалған көшеге Ұлы Отан Соғысы ардагерінің есімін беру туралы ауыл тұрғындары арасында жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Күн тәртібінде:

Ақжарма ауыл округіне қарасты Баймұрат батыр ауылындағы атаусыз көшесін – Мұратбаев Еспенбет деп атау туралы ұсыныстары қаралады.

1. Мұратбаев Еспенбет 1923 жылы дүниеге келген. 1942 жылы мерген болғандықтан майданда атқыштар құрамында болған. 1944 жылы майданда жараланып, ІІІ топтағы мүгедек болып оралады. Зейнет жасына жеткенше Машина Сынау Стансасында қарапайым жұмысшы, қойма меңгерушісі болған. І дәрежелі «Отан Соғысы» орденімен марапатталған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес,**2024 жылғы 30 мамырда жергілікті уақыт 10:00-13:00 аралығында** Қызылжарма ауылдық округінің идеологиялық тұрғыда ескірген, шартты атаудағы көшелеріне Ұлы Отан соғысының ардагерінің есімін беру, атау және қайта атаутуралы ауыл тұрғындары арасында жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Күн тәртібінде

Қызылжарма ауылдық округіндегі № 29 көшесін-Медетбай Базарбаев көшесі; Қызылжарма-3 т.а, атаусыз көшесін-Бекмағанбет Бейсбаев көшесі; №34-көшесін-Убайдулда Есжанов көшесі; №33-көшесін-Ермағанбет Баймағанбетов көшесі; Қызылжарма-3 т.а, атаусыз көшесін-Оразалы Түлебаев көшесі; №20-көшесін-Сарсембай Анкаков көшесі; №31 көшесін- Нұрқаш Досжанов көшесі; №28 көшесін-Шәкірбек Қожамқұлов көшесі; №16 көшесін- Өтеубай Ордабаев көшесі; №23 көшесін-Асқар Құлбаев көшесі; №17 көшесін-Садық Ходжаахметов көшесі; №25 көшесін-Қартаңбай Земендинов көшесі; №36 көшесін-Оспан Боранбаев көшесі деп қайта атау туралы ұсынысы қаралады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысына сәйкес, **2025 жылғы 30 мамырда жергілікті уақыт 10:00-13:00 аралығында** Талсуат ауылдық округінің идеологиялық тұрғыда ескірген, шартты атаудағы бірқатар көшелеріне белгілі Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің есімдерін беру туралы ауыл тұрғындарына арасында жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Күн тәртібінде

Талсуат ауылдық округіндегі Құмкөл көшесін – Дүйсенбаев Пірімжан көшесі; 2 тұйық көшесін-Дөненбаев Әділбек көшесі; Астана көшесін – Нұрпейсов Саду көшесі;1 тұйық көшесін – Ахметов Құдайберген көшесі деп атау туралы ұсыныстары қаралады.

АРАЛ АУДАНЫНДА БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУТУ: ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ

Арал ауданы қазіргі таңда балық шаруашылығына маңызы зор өңірлердің бірі болып табылады. Аймақта жалпы саны **27** су айдыны мен учаскесі тіркелген. Оның ішінде:

11 су айдыны – кәсіпшілік мақсаттағы балық аулауға арналған;

8 су айдыны – көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы ретінде пайдаланылуда;

7 су айдыны – тор қоршамада балық өсіруге бағытталған;

1 су айдыны – әуесқойлық-спорттық балық аулау мақсатындатабиғат пайдаланушыларына



конкурстық негізде 5 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге бекітілген.

Резервтегі су айдындары, атап айтқанда, Ақбілек, Қалғандария және Сырдария өзенінің Ақлак су торабынан Кіші Арал теңізіне құяр сағасына дейінгі аралық ерекше бақылауда. Мұнда заңсыз балық аулау және балық шабақтарының қырылуының алдын алу, сондай-ақ көлдердің су деңгейін тұрақтандыру бағытындағы жұмыстар атқарылуда.

«Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы.

2025 жылдың 15 наурызы мен 31 мамыры аралығында Қызылорда облысы әкімінің орынбасарының бұйрығынасәйкес облыс көлеміндегі су айдындарында**«Таза**

су айдындары» табиғат қорғау акциясы ұйымдастырылуда. Акцияның басты мақсаты – су айдындарын заңсыз балық аулау құралдарынан және тұрмыстық қалдықтардан тазарту, сонымен қатар, жергілікті тұрғындарды табиғатты қорғауға үндеу.

Қызылорда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» бұл акциядан қалыс қалмады. Аталған іс-шараға 2 техника мен 18 адам қатысып, 310 келі тұрмыстық қалдық пен



3 000 метр балық аулау торы жиналып, арнайы қоқыс полигондарына шығарылды.

Болашақ ұрпақ үшін табиғатты қорғау – ортақ міндетіміз.

Бұл бастама тек табиғат қорғау шарасы ғана емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды жоба болып табылады. Табиғатты қорғау – барыамыздың азаматтық борышымыз. Осы орайда, әрбір тұрғынды тұрмыстық қалдықтарды арнайы орындарға шығаруға, су айдындарының тазалығын сақтауға және табиғат байлығын қорғауға шақырамыз.

Н.ЕРКІНОВ

«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің, балық маманы

Арал ауданында орналасқан жергілікті маңызы бар балық шаруашылығысу айдындарының және (немесе) учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Су айдындары мен учаске-лердің атауы	Ауданы (га)	Орналасқан жері	Пайдалану мақсаты
1.	Қамбаш № 1 уч.	2400	Қосжар ауылынан 0,5 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
2.	Қамбаш № 2 уч.	2100	Қосжар ауылынан 1 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
3.	Қамбаш № 3 уч.	5100	Қосжар ауылынан 2 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
4.	Қамбаш № 4 уч.	500	Қосжар ауылынан 1,5 шақырым қашықтықта орналасқан	Тор қоршамада балық өсіру
5.	Қамбаш № 5 уч.	717	Қосжар ауылдық округінің солтүстік-шығыс бағытында орналасқан	Тор қоршамада балық өсіру
6.	Қамбаш № 6 уч.	916	Арал ауданы, ХАҚҚ ҒТО мүйісінің батыс бөлігінде орналасқан	Тор қоршамада балық өсіру
7.	Қамбаш № 7 уч.	838	Арал ауданы, ХАҚҚ ҒТО солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан	Тор қоршамада балық өсіру
8.	Қамбаш № 8 уч.	1196	Жаркөл көлінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан	Тор қоршамада балық өсіру
9.	Қамбаш № 9 уч.	990	Қамбаш лагерінің солтүстік бөлігінде орналасқан	Тор қоршамада балық өсіру
10.	Қамбаш № 10 уч.	538	Қамбаш демалыс аймағының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан	Тор қоршамада балық өсіру
11.	Қамбаш № 11 уч.	451	Қамбаш демалыс аймағының солтүстік бөлігінде орналасқан	Әуесқойлық (спорт-тық) балық аулау
12.	Ақшатау–Сорғақ	3500	Арал қаласынан 145 шақырым, Шөміш-көл ауылынан 12 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
13.	Жаланаш	1500	Қосжар ауылынан 7 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
14.	Қаракөл	1100	аста ауылдық округі, Қызылжар ауылынан 11 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
15.	Қарашалаң	820	Арал қаласынан 221 шақырым, Қарашалаң ауылынан 1,8 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
16.	Райым	850	Райым ауылынан 5 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
17.	Алаша көл	150	Райым ауылдық округі, Қызылжар ауылынан 9 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
18.	Жарыккөл	180	Аманөткел ауылынан 0,5 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
19.	Тұщыкөл	1100	Арал қаласынан 120 шақырым, Бөген а/о 8 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
20.	Домалақ	150	Арал қаласынан 180 шақырым, Бөген ауылынан 5 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
21.	Шөмішкөл	500	Райым ауылдық округі, Қызылжар ауылынан 0,5 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
22.	Қаязды-Бидайкөл	250	Арал қаласынан 130 шақырым, Қосжар ауылынан 7 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
23.	Лайкөл	280	Райым ауылдық округінен 3 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
24.	Суыккөл	120	Райым ауылдық округі, Қызылжар ауылынан 3 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
25.	Ақбілек	110	Арал қаласынан 280 шақырым, Тастак ауылынан 2 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
26.	Мақпалкөл	700	Арал қаласынан 150 шақырым, Қамыстыбас ауылынан 2 шақырым қашықтықта орналасқан	Кәсіпшілік балық аулау
27.	Қалғандария	7,5	Қаратерен ауылдық округінен 5 шақырым қашықтықта орналасқан	Көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы
	Барлығы	27063,5 га		Кәсіпшілік - 11 КТБШ - 8 Тор қоршама - 7 Әуесқой - 1 Жалпы - 27

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1			
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11			
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

ТЕАТРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТРЛАР ӨНЕРІ

Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдық мерейтойына орай, КСРО Халық әртісі Сәбира Майқанова атындағы «Сырдың Сәбирасы – І» халықаралық театрлар фестивалінің салтанатты ашылуы өтті. Оған Қазақстанның Еңбек Ері, Халық әртісі Асанәлі Әшімов, Қазақстанның Халық әртісі, Театр қайраткерлері одағының төрағасы, режиссер, педагог Тұңғышбай Жаманқұлов арнайы келіп қатысты.



Салтанатты рәсімде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев құттықтау сөз сөйлеп, мәдениет және руханият саласында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениет-

тімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет», – деген болатын.

Өткен жылы өңірімізде жарияланған «Руханият жылы» аясында барлық 7 ауданда құны 11 млрд. 500 млн. теңге болатын, ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» салынып, ел игілігіне қызмет етуде. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы»

жылы 13 қаңтарда Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы тұңғыш рет сахналанып, халық өнерпаздарының концертмен театр шымылдығы ашылды.

Сырбойлықтар ұлт театрының іргетасы Қызылордада қаланғанын әрдайым мақтан етеді. Сыр өнерінің қарашаңырағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ драма театры 1955 жылы Талдықорған қаласында құрылып, 1960 жылы Қызылорда қаласына көшірілді. Театрға 1997 жылы музыкалық, 2019 жылы академиялық мәртебе берілді. Бүгінгі 70 жылдық мереке мен өнер тойы құтты болсын! Егемен еліміздің еңсесі биік, тұғыры нық болғай!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада аймақтың мәдениет саласына елеулі үлес қосқан сала мамандары марапатталды. Асанәлі Әшімов жылы лебізін білдіріп, Тұңғышбай Жаманқұлов Қазақстан театр қайраткерлері одағының «Дара» медалін табыстады.

Рәсімде фестиваль қонағы Сәбира Майқанованың қызы Гүлдәр Әбділқызына құрмет көрсетілді.

Сондай-ақ, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, “Құрмет” орденінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Бақытбек Алпысбаевқа “Парасат” ордені табысталды.

Фестиваль 25–30 сәуір аралығында өтуде. Шараға Грузия, Румыния, Қырғызстан мемлекеттерінен келген театр ұжымдарымен қатар, Жезқазған, Семей, Ақтөбе, Атырау, Талдықорған, Қостанай және Алматы облыстарының театрлары қатысуда.

Бағдарламада Островский, Шекспир, Маркес, Айтматов сынды әлем және түркі әдебиетінің классиктерінің туындылары, сондай-ақ қазіргі қазақ драматургиясының үздік шығармалары көрерменге ұсынылуда. Театрсуйер қауым драма, трагедия, комедия, перформанс және эксперименталды қойылымдарды тамашалай алады.

“АЯУЛЫ ӘЖЕ” ЭСТАФЕТАСЫ ҰЛЫТАУҒА ТАБЫСТАЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен, облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өңірде алғаш рет республикалық әжелер форумы өтті. Алғашында 2023 жылы Түркістан облысында

Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде»

өткен форумға 200-ден астам қонақ жиналды. Басқосуда облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов әжелердің қоғамдағы рөліне тоқталып, форум қатысушыларын



өткен форум аясында «Аяулы әже» мүсін-танбасы әзірленген еді. Содан бері әжелер мектебін дамыту тәжірибесін басқа өңірлерде де насихаттау үшін аймақтарға «Аяулы әже» мүсінін тапсыру челленджі өткізіліп келеді.

Биыл 14 наурыз - Амал күні Маңғыстау облысының ардагерлер кеңесінің өкілдері мүсінді Қызылорда облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевқа табыстады.

Құрмет грамотасымен

Құрмет грамотасымен

Қызылорда облыстық әжелер алқасының төрайымы Разия Қалжанова форум үндеуін жариялады.

Жас ұрпақтың тәрбиесі мен тәлімін дөрішпейтін ақ жаулықты, аяулы әжелердің құрметіне арналған «Аяулы әже» форумының эстафетасын Ұлытау облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Сәрсенкүл Қазымбетоваға салтанатты түрде табыстады.

КЕНЕ ДЕГЕН БІР ПӘЛЕ...

Жыл бойы тіршілік ететін, көктем келісімен белсенділігі артатын кене далалық аймақта жұмыс істейтін, мал, егін шаруашылығымен айналысатын адамдарға қауіп тудырады.

Аймақта Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алудың санитариялық-профилактикалық іс-шараларын ұйымдастыру туралы облыс әкімінің қаулысы ақпан айында қабылданып, дайындық шаралары наурыз айынан бері жүргізіліп келеді.

Аурудың алдын алудағы тиімді шаралардың бірі – кенеге қарсы залалсыздандыру. Былтыр облыстағы 115 елді мекен қолайсыз деп танылған, биыл олардың саны азайып, 111 болды. Қажетті қаржы бөлініп, қолайсыз елді мекендерде кенеге қарсы өңдеу шаралары екі

кезенде жүзеге асырылуда.

Облыстық ветеринария басқармасының мәліметіне сәйкес қолайсыз елді мекендерде 622 016 бас мал және 2 567 257 шаршы метр 33 926 қора, аумағы 557 217 шаршы метр 1 329 суат пен шаңлақ бар.

Көктемгі заласыздандыру жұмыстарының І және ІІ кезеңі 9 сәуір мен 14 маусым аралығында жүргізіледі.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасында тұмау, жедел ішек, тағамнан ұлану ауруларына тән белгілер болады, яғни дене қызуының күрт көтерілуі, әлсіздік, тамаққа тәбеттің жоғалуы, құсу, жүрек айну, бұлшық еттің ауырсынуы, бүйрек тұсының, бас пен іштің ауруы байқалады. Осы белгілер пайда болған жағдайда адам



шұғыл түрде медициналық көмекке жүгінбесе, асқынып кетуі мүмкін. Дер кезінде ем қабылдаса аса қауіпті аурудан толық сауығуға болады.

Кенеге қарсы өңдеу шараларының тиімділігін арттыру үшін тұрғындар қора-қолсының, ауланың тазалығын қатаң сақтауы қажет.

БІРІНШІ — САПА, СОСЫН — МЕРЗІМ..

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аудандарда пайдалануға берілген құрылыс нысандарының, жүзеге асырылу сатысындағы жобалардың жай-күйі талқыланды.

Аймақ басшысы жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, әлеуметтік маңызы бар нысандарды сапалы әрі кестеге сай мерзімінде аяқтауды, тазалыққа және абаттандыруға қатысты жұмыстардың қарқынын күшейтуді жүктеді.

– «Құрылысқа жауапты мердігер мекемелермен ұдайы байланыста болуды тағы да ескерттім. Бірінші әрі басты талап – сапа, сосын жұмысты мерзімде аяқтау керек. Осыған дейін берілген тапсырмалар бақылаудан, күн тәртібінен түспейді», – деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар мәжілісте барлық елді мекенде санитарлық тазалық жұмыстарын үздіксіз жүргізу, абаттандыру және көркейту-көгалдандыруды белсенді қолға алу тапсырылды.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының іске асырылу барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында: «Менің бастамаммен былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан астам адам қатысты. 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналды. 3,3 миллион көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан», бұл – біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің кепілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Біз әр азаматтың, әсіресе, жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек», – деді.

Оның алдында «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде Президентіміз: «Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Өділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр», – деп атап өткен болатын.

Бүгінде аймақта санитарлық тазалық жұмыстарының бөлінісі жасалған. Ол бойынша әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандардың қасбетін қалыпқа келтіру, көше, жол бойы тазалығын қамтамасыз ету, жол белгілерін түзету керек. Жауапты сала басшылары өздеріне қарасты мекемелердің тазалығын, абаттандырылуын, қасбетінің талапқа сай болуын бақылауға алған. Әсіресе

халық көп шоғырланатын теміржол станциялары мен вокзалдарды, олардың аумақтарының тазалығын тұрақты қадағалау керек. Вокзалдағы сауда орындары, перрон, демалыс алаңдары, қоқыс жәшіктерін күнделікті тазалап, сыртқы келбетін ретке келтіруге назар аударылады.

Аймақта экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған өңірлік кешенді жоспары алаңдары, қоқыс жәшіктерін күнделікті тазалап, сыртқы келбетін ретке келтіруге назар аударылады. Аймақта экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған өңірлік кешенді жоспары алаңдары, қоқыс жәшіктерін күнделікті тазалап, сыртқы келбетін ретке келтіруге назар аударылады. Аймақта экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған өңірлік кешенді жоспары алаңдары, қоқыс жәшіктерін күнделікті тазалап, сыртқы келбетін ретке келтіруге назар аударылады.

Жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Соңғы екі жылда үздік атанған елді мекендерде 48 арнайы техника табысталды. Бұдан бөлек, коммуналдық, абаттандыру мекемелеріне 142 арнайы техника сатып алынып, ел игілігіне қызмет етуде. Тұрғындарды экологиялық таза көлік қызметімен қамтамасыз ету үшін 100 жаңа электромобиль алынып, 16 электр қуаттау бекеті салынды.

Аймақ басшысы елді мекендерді көркейту мен көгалдандыруға, абаттандыруға, санитарлық тазалығына барлық мекеме біркісідей атсалысуы керек екенін ескертті. Мәжілістен кейін Нұрлыбек Машбекұлы қаладағы көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарымен танысты.

ЖАППАЙ СЕНБІЛІККЕ ЖАППАЙ ҚАТЫСТЫҚ

Қызылорда облысында апта сайын ұйымдастырылатын жаппай сенбілік жалғасуда.



«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Өткен сенбілікке шыққан 128 мыңнан астам ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері 4 000 тоннадан астам қоқыс қалдықтарын жинады. Скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандары, өзен, көлдер аумағы, жасанды су айдындары, субұрқақтар, арықтар тазаланды. Көшелердің бойында, көпқабатты, жер үйлердің аулаларында тазалық жұмыстары атқарылды. Жұмыс барысында 900-ден астам техникамен қоқыс тасымалданды, жер тегістелді.

Облыс аумағына жыл басынан климатқа жерсінетін 95 353 көшет егілген.

“ҚАЗАЛЫ КӘМПИТІНІҢ” “АЙАРУ” ҚАНТЫ

Елге танымал «Қазалы кәмпитін» шығаратын кәсіпкер қазалылық Нұрбек Қазбергеновті сырбойлықтар көптен таниды. Бизнеске ерте араласқан оның 15 жылға жуық тәжірибесі бар.

– Жұрт қантты күнделікті тұрмыста көп қолданады. Дегенмен жолда алып жүруге, немесе той, өзге де шараларда қолдануға келгенде халық рафинадталған қантты пайдаланады. Осы жағын ескере келе құмшекерді рафинадталған қант етіп қана қоймай, оны әдемілеп қаптап ұсынғым келді, – дейді кәсіпкер.

Бұл жобаны жүзеге асыру үшін арнайы құрал-жабдық керек екені анық, әрі ол жабдықтар елімізден табыла бермейді. Ресейден, Қытайдан іздестіруге тура келеді. Оны сатып алуға қажет қаржы да аз емес.

Жобаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін зерттедім. Қандай бағдарламамен қаржыландыруға болатынына талдау жасадым. Облыстық бюджеттен аймақтың кәсіпкерлік саласын қолдауға қаржы бөлінеді. Оны жүзеге асырып жатқан «Қызылорда» Өңірлік орталығына барып өтініш бердім, – дейді Нұрбек Қазбергенов.

Өңірлік орталық мамандары кәсіпкердің өтінішін қысқа мерзімде қарап, жеңілдікпен 18,5 млн. теңге несие береді. Кәсіпкер аз ғана уақыт аралығында қажет құрал-жабдықтарын шет ел-



дерден алдырып, бүгінде жұмысын бастап кетті. Бұл жоба аясында 3 адам жұмыс істеп жатыр. Арнайы қаптамамен дайындалған өнім «Айару» атауымен нарыққа шықты. Тапсырыс көршілес аудандарынан түсуде. Өзірге күніне 100 келіге дейін өнім шығарып жатырмыз. Енді бастап жатырмыз ғой. Сол үшін алдағы уақытта сұраныс бұдан да жоғары болады деп үміттенемін, – дейді қазалылық кәсіпкер.

«ҚАЗАҚ» АТАУЫ 100 ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРЫЛДЫ?

Орталық мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымының кандидаты Сәбит Шілдебай Qalam-ға берген сұхбатында қазақтың неге «киргиз-кайсақ» аталғаны, «қазақ» атауының қалай оралғаны, қазақ қайраткерлерінің Орынборды астана етуге не себепті қарсы болғаны, Ташкент үшін жүрген күрес және Қарақалпақ автономиялық облысы Қазақстан құрамынан не себепті шыққаны туралы айтып берді.

– **ҚАЗАҚТЫ НЕГЕ «КИРГИЗ-КАЙСАҚ» ДЕП АТАҒАН?**

– Қазақ өз атын қайтарды десек, «қазақ өз атынан айрылып қалған ба еді?» деген сұрақ тууы мүмкін. Негізі қазақ одан ешқашан айрылған жоқ. Өзін-өзі қазақ деп атап жүрді. Бірақ патша үкіметі Ресей империясындағы отарланған аймақтарды бағындырып, тұқыртып ұстап отыру мақсатында құрылған казак әскерімен шатастырмас үшін бізді саналы түрде бұрмалап «киргиз-кайсақ» деп атады. Ал 1822 жылы шыққан Сперанский-дің 1 жарғысынан бастап «киргиз» деген сөзді пайдаланды. Сөйтіп қазақты киргиз деп атау қалыптасты.

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында да патша үкіметі кезіндегідей «киргиз» деп атап кете берді. Тіпті 1919 жылы қазақ жерін басқару үшін пайда болған революциялық комитет те ресми түрде Қырғыз революциялық комитеті болды. 1920 жылы қазан айында құрылған Қазақ Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы деген атаудың қазақшасында «қазақ» сөзі болғанымен, орысша ресми құжаттың бөрінде «киргиз» деп жазылды, яғни бұл — метрополияның отар аймаққа және халыққа берген атауынан бас тартып, өзіміздің тарихи дұрыс атауымызды ресми түрде қайтарып, орталық билікке соны мойындатып, қаулы шығарту туралы өңгіме.

Қазақ халқы осы автономияны құрып жатқан кезде «Біздің атымыз «киргиз» емес, біз — қазақпыз» деп мәселе көтерсе, орысша бірден «казах» деп жазылып кетер ме еді. Бірақ архив құжаттарынан «Қазақ атауымыз дұрыс. Қазақ болуымыз керек» деген бірде-бір тарихи құжатты осы уақытқа дейін кездестірген жоқпыз.

– **«КИРГИЗ» ЕМЕСПІЗ ДЕП ЕҢ АЛҒАШ ЖАЗҒАН ТҮЛҒА?**

– «Бізді қазір «киргиз» деп жазып жүр. Бірақ біз «киргиз» емеспіз, дұрыс атауымыз — қазақ» деп ең алғаш жазған Шоқан Уәлиханов еді. Ол ғылыми

еңбектерінде бұл мәселені көтерді. Бірақ ол ештеңе талап еткен жоқ, ғылыми тұрғыдан қарап, талдап айтты. Мәселен, «Березинге хат» деген мақаласында қазақ деген сөздің шығу тарихына тоқталған. Қарап отырсақ, қазіргі уақытта сол Шоқан Уәлиханов берген ғылыми тұжырымдардан алысқа ұзап кеткен жоқпыз. Оның шын мәнінде объективті түрде дұрыс ғылыми тұжырым жасағанын көріп отырмыз.

Уәлиханов «қарақырғыз, жабайы қырғыз деп аталып отырған қырғыз бен қырғыз деп аталып жүрген қазақтарды шатастыруға болмайды. Олар әлеуметтік-саяси құрылымы жөнінен де, шаруашылығы жөнінен де бір-біріне ұқсамайды. Өзіндік ерекшеліктері бар. Бұлардың тілі Ресей үшін ұқсас болғанымен, Ресей оны түсінбегендіктен бірдей сияқты қарағанымен, екеуінің тілінде де үлкен өзгешелік бар» деп нақты ғылыми тұрғыдан ажыратып айтып кеткен.

– **«ҚАЗАҚ» АТАУЫ ЕЖЕЛДЕН БАР?..**

– «Қазақ» атауын қайтаруда саяси күрес болды деуге келмейді, себебі саяси мәселе емес еді. Ал қазақ деген сөз ғылыми әдебиетте сонау 12-ғасырдан бастап бар. «Қазақ» атауы ең алғаш, менің білуімше, араб-қазақ сөздігінде кездеседі. Сондай-ақ Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде де ұшырасады. Ол Қазақ хандығы құрылғандығы туралы ең алғаш деректі де береді және «қазақ» атауына байланысты кішкене түсінктеме айтып кеткен.

Бұл сөздің негізгі мағынасына келсек, «қазақылық жасау» деген түсінік әлі бар. Ешкімге бағынбай, өз еркімен кетіп, өз бетімен өмір сүру дегенді білдіреді. Патша үкіметіне қызмет еткен казактардың атауының шығу төркіні де сол. Меніңше, екеуінің мағынасы бір. Себебі олар да қазақылық жасап, Донның бойына барып жиналып, ешкімге бағынбай, биліктің жазасынан қашып кеткендердің еркін одағы ғой. Кейін патша үкіметіне ант беріп, қызмет ету туралы ресми түрде кешірім алған.

Бірақ барлық тарихи еңбекте, ол мейлі парсы, мейлі шағатай, мейлі қазақша болсын, біз өзімізді «қазақ» деп жаздық. Абай да «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» дейді. Басқалар да «қазақ» атын қолданды. Мәселен, ең алғашқы газеттердің бірі, батыста жарық көрген «Қазақстан» газеті бар. 1913 жылы басыла бастаған «Қазақ» газеті де сол. Тіпті оның бірінші нөмірінде Ахмет Байтұрсыновтар «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты» деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық» деп жазды.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАЙ АЛЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

Еңбек – өмірдің өзегі, ел дамуының негізгі қозғаушы күші. Адам еңбегі — мемлекеттің басты байлығы, оның кәуіпсіздігі мен денсаулығы — қоғамның ең асыл қазынасы. Осы орайда, жыл сайын 28 сәуір күні әлем бойынша Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні атап өтіледі. Бұл күн – еңбек адамдарының құқықтарын қорғауға, кәуіпсіз және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге арналған маңызды дата.

Осыған орай Қызылорда облысында Өңірлік Коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында арнайы баспасөз мәслихаты өтті. Іс-шарада облыстағы еңбек қатынастарының жай-күйі, өндірістік жаракаттардың алдын алу және кәуіпсіз еңбек ортасын қалыптастыру бағытында атқарылған жұмыстар туралы кенінен сөз болды.

Жиньга Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасының еңбек қатынастарын бақылау бөлімінің басшысы – мемлекеттік еңбек инспекторы Болат Досымов, облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы Максұт Нәлібаев және оның орынбасары Марат Бәйімбетов қатысты.

Өз сөзінде Болат Бекайдарұлы: – Еңбек – әрбір адамның өмірлік мәні мен мақсаты. Өркім өз еңбегінің әділ бағаланғанын ғана емес, ең алдымен, кәуіпсіз ортада жұмыс істегенін қалайды. Біздің басты мақсатымыз — жұмыс орындарындағы жаракаттану мен жазатайым оқиғалардың алдын алу. Бұл — жұмыс

берушілер мен қызметкерлердің ортақ жауапкершілігі. Жұмыс берушілер кәуіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті болса, қызметкерлер еңбек кәуіпсіздігі ережелерін сақтауы тиіс. Осы бағытта өңірімізде жазатайым оқиғаларды арнайы тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілді. Барлық жұмыс берушілерді еңбек кәуіпсіздігін күшейтуге, алдын алу шараларын уақытылы қабылдауға шақырамыз. Кәуіпсіз еңбек – әрбір адамның өмірі мен денсаулығының кепілі екенін әрдайым есте сақтауымыз керек, – деп атап өтті.

Облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы Максұт Ыбырайханұлы Нәлібаев:

– 28 сәуір – Халықаралық еңбек ұйымының бастамасымен дүниежүзінде өндірісте қауа тапқан, жаракат алған және кәсіптік аурулардан зардап шеккен азаматтарды еске алуға арналған ерекше күн. Бұл — өндірістік процестерде адамның өмірі мен денсаулығын әрдайым басты назарда болуы керек екенін еске салатын күн. Қызылорда облыстық кәсіподақтар бірлестігі құрамына 12 салалық кәсіподақ кірсе, бүгінде 1015 кәсіподақ ұйымында 96 812 мүше бар. Еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-еңбек жағдайларын тұрақтандыру мақсатында 16 кәсіпорында салалық кәсіподақтармен бірлескен мониторинг жүргізілді. Болашақта да еңбек кәуіпсіздігі мен қорғау бағытындағы жұмыстарымызды одан әрі күшейтетін боламыз, – деді.

Ал облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасының орынбасары Марат Серікбайұлы Бәйімбетов:

– 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні — еңбеккерлердің кәуіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселесіне барынша көңіл бөлінетін ерекше күн. Еңбек — кез келген қоғамның іргетасы, даму жолындағы басты қозғаушы күш. Біздің облысымыздың өсіп-өркендеуіне қарапайым еңбек адамдарының қосқан үлесі ерекше. Олар – өз ісіне адалдықпен қарап, ел экономикасының негізін қалыптастырып отырған нағыз қаһармандар. Бүгінгі таңда өндірістік жаракаттарды азайту, еңбек жағдайларын жақсарту бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Басты мақсатымыз — әрбір еңбеккердің өз жұмыс орнында өзін кәуіпсіз сезінуіне мүмкіндік жасау. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық еңбек адамдарына еңбектегі кәуіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, өз өмірлеріне жауапкершілікпен қарауға шақырамын, – деп сөзін қорытындылады.

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні – әрбір еңбек адамының қадірін терең ұғындырып, жұмыс орнындағы кәуіпсіздік пен денсаулықтың маңыздылығын қайта еске салатын күн. Еңбек адамдарының амандығы мен әл-ауқаты – жарқын болашақтың кепілі.

Қазына КҮЛМИШЕВА

БӘРІМІЗ БІРГЕМІЗ...

Биылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңейтілген сессиясы «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» тақырыбымен өтті. Бұл жыын — елдегі татулық пен тұрақтылықтың тірегіне айналған ұйымның 30 жылдық мерейтойына арналды. Шараға 1600-ден аса делегат қатысты, олардың қатарында біздің өңірден аттанған өкілдер де бар. Шараның мән-маңызын Қызылорда Өңірлік Коммуникациялар Қызметі алаңында брифинг берген Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының “Қоғамдық келісім” КММ директорының орынбасары Дәулет Омаров, Қызылорда облыстық “Славяне” этномәдени бірлестігінің төрағасы Галина Щербакова, Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Айгүл Мұсабаева айтып берді.

- Биылғы Ассамблея сессиясына біздің өңірден 30-дан астам делегация өкілдері барып қатысты. Бұл – еліміздегі ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімге берілген зор мәннің көрінісі.

Қызылорда өңірінде де Ассамблея жүйелі түрде жұмыс жасап келеді. Этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық құрылымдар бірлік пен өзара түсіністікті нығайту жолында белсенді қызмет етіп жатыр. Олардың басты міндеті – ұлтаралық келісімді, бейбіт өмір мен достықты насихаттау. Ассамблеяның өңірлік құрылымдары мәдени шаралар, қоғамдық кездесулер мен білім беру жобалары арқылы ел бірлігіне өз үлесін қосып келеді. Қоғамдық келісімді сақтау жолындағы бұл жұмыс — еліміздің тұрақты дамуына бағытталған маңызды қадам,- деді Дәулет Кәрібайұлы.

- Биылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы – бірлік пен келісімнің маңызын тағы бір мәрте айқындаған маңызды шара болды. Ассамблея – әр этностың мәдениетін сақтауға ғана емес, ортақ құндылықтар төңірегінде бірігуге мүмкіндік беретін алаң. Біз, Славян бірлестігінің өкілдері, қоғамдық келісімді нығайту ісіне үлес қосуды өзіміздің азаматтық парызымыз деп білеміз. Алдағы уақытта



Қызылордада жаңа Достық үйі салынады деген жағымды жаңалықты үлкен қуанышпен қабылдадық. Бұл — этномәдени бірлестіктер үшін зор қолдау және ортақ жұмысқа ынталандыратын игі бастама. Осындай қамқорлық пен қолдау үшін аймақ басшылығына зор алғысымызды білдіреміз. Бұл жоба — бірлік пен ынтымақты одан әрі нығайтуға жол ашады деп сенеміз,- деді Галина Сергеевна.

- Біз биылғы үлкен мерейтойлық Ассамблея сессиясына қатысып, ел үшін маңызды бағыттар бойынша бағыт-бағдар алдық. Аналар кеңесінің жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Кеңес мүшелері бірнеше әлеуметтік және тәрбиелік жобалардың басында жүр. Мақсатымыз — отбасылық құндылықтарды нығайту, жастар тәрбиесіне үлес қосу және қоғамда тұрақтылықты сақтау. Қазіргі таңда кеңес «Айналайын» бағдарламасы, «Ақ орамал» жобасы, сондай-ақ «Сарбаздар анасы» атты жобалармен белсенді айналысып келеді. «Ақ орамал» жобасын біз «Сарбаздар анасы» жобасымен ұштастыра отырып жүзеге асырдық. Бұл бастама – әскери борышын өтеуден қашқандарға ой салу, отансүйіштік пен жауапкершілікке үндеу мақсатында әзірленді. Жоба аясында аналар арқылы жастарға тәрбиелік әсер беру көзделіп отыр,- деді Айгүл Нажмадинқызы.

ЕҢ ҚЫМБАТ – ЖЕҢІС ОРДЕНІ

Жеңіс ордені – Кеңес Одағындағы ең жоғарғы марапат болып табылады. Мамандардың пікірінше қазіргі бағасы 3,5 – 4 млн. доллар тұрады. Бар болғаны 20 жасалған. 1943 жылы Ұлы Отан соғысында КСРО-ның жеңетіні белгілі болғасын Жоғары Бас қолбасшы И.В.Сталин әлемде теңдесі жоқ орденмен жоғары әскери қолбасшыларды марапаттау үшін Жеңіс орденін жасауға тапсырма береді. Байқауға қатысқан 10 суретшілердің ішінен Анатолий Кузнецовтың эскизін ұнатты, тек бесжұлдыз ортасындағы Ленин мен Сталиннің баральефінің орнына Кремльдегі Спасск мұнарасын салу керек деп өзгертті.

Орден басқа ордендер сияқты монета сарайында емес, сағат фабрикасында құпия түрде жасалды. Фабрикаға құпия түрде елдің «Алмаз қорынан» алмаз жеткізілді, платина да табылды. Орден жиегін көркемдеу үшін елдің түпкір-түпкірінен қызыл рубиндер жеткізілгенмен түсі және көлемі әртүрлі болып шықты. Оның үстіне тек отандық рубиндерді ғана пайдалансын деген нұсқау берілді.

Не істеу керек? Ұйқысыз күндерді өткізген зергерлер тәуекелге барып синтетикалық рубин жасап шығарды. Орденді белгіленген уақытта 20-сын жасап шығарды.

1944 жылдың 8 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президумының «Жеңіс» ордені туралы Қаулысы шықты, онда орден соғыс кезінде ғана ерекше көзге түсіп ірі әскери операцияны сәтті іске асырған жоғары әскери басшылар ғана марапаталатыны атап көрсетілді.

Ұлы Отан соғысы кезінде 1944 жылы Жеңіс орденімен алғаш рет Г.Жуков, А.Василевский, И.Сталин марапатталды. 1945 жылы соғыс аяқталысымен Кеңес Одағының Маршалдары Г.Жуков, А.Василевский, И.Сталин екінші рет марапатталды. Сонымен қатар Кеңес Одағының Маршалдары К.Рокоссовский, И.Конев, Р.Малиновский, Ф.Толбухин, Л.Говров, С.Тимошенко, армия генералы Антонов, Жапонияны талқандауды іске асырған маршал К. Мерецков «Жеңіс» орденіне ие болды.

Жоғары Бас Қолбасшы И.В.Сталин соғыстағы өзінің одақтастарын да «Жеңіс» орденімен марапаттады. Олар: Югославия армиясының Бас қолбасшысы маршал Иосиф Броз Тито, Польша армиясының бас қолбасшысы генерал Роля-Жимерский, Англияның фельдмаршалы Монгомери, АҚШ генералы Д.Эйзенхауэр және диктатор Антонеску билігін құлатқан Румыния королі «комсомол жасындағы бозбала» король Бірінші Михай еді. Кейін осы король Михай ақшаға қызығып «Жеңіс» орденін АҚШ-тың миллиардері Джон Рокфеллерге 4 млн. долларға сатып жіберді. Бірінші Михай 2017 жылы қайтыс болғанша «Жеңіс» орденін сатқанын ақыры мойындамай кетті.

Қызықтың көкесі алда еді, соғыс аяқталған соң 33 жыл өткесін 1978 жылы соғыс кезінде ғана берілетін, әрі ауысып қалған 20-шы Жеңіс орденімен «Қымбатты Леонид Ильич» марапатталды. Бас хатшы және Кеңес Одағының Маршалы Л.И.Брежневтің кең кеудесіне «Жеңіс» орденін КСРО-ның бас идеологы М.Суслов қадады.

1989 жылы М.С.Горбачев орден статусына сәйкес келмегендіктен Брежневке берілген орденді қайтарып алу туралы Қаулыға қол қойды.

Жеңіс ордені әлемдегі ең қымбат орден болып табылады, бір орден жасауға 47 грамм платина, 2 грамм алтын, 16 карат бриллиант және 5 рубин кетті.

Қазіргі кезде 18 Жеңіс ордені әр елдің Қарулы Күштері және Ұлттық мұражайларында сақтаулы тұр.

тарихшы, журналист-дайджест Бақытжан Абдул-Түменбаевтың
ФБ парақшасынан

Өткенге ой жіберіп деректерге көз жүгіртсек дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысының жеңісі оңайлықпен келген жоқ. Ел басына күн туғанда кеңес әскерлері қатарында Қазақстаннан 1 миллион 2 мыңдай адам майданға аттанды. 1418 күнге созылған сұрапыл соғыста олар жаумен жан аяспай шайқасты. Кеуделерін окка тосып,Отанын қорғады. Майдан даласында қанды қырғын ұрыста қазақстандық жауынгерлер де ажал оғын құшып, қыршын кетіп жатты. Ел қорғаған ерлеріне жеңіс тілеген елдегілердің бірі «қара қағаз» алып, қайғылы хабар естіп қара жамылса, енді бір отбасылар жаракат алып оралған азаматтарымен қауышып, қуанышқа бөленді. Солардың қатарында менің де әкем, 1 топтағы соғыс мүгедегі Бертай Кәрібаев та бір қолын майдан даласында қалдырып, елге оралған еді.

Менің білетінім әкем 1919 жылы дүниеге келген. 1941 жылы Сырдария аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанады. Арнайы жасақталған №183 атқыштар дивизиясының құрамында Псков, Старая Русь бағыттарындағы ұрыстарға қатысып, ерліктерімен көзге түседі. 1942 жылы күздегі шайқастардың бірінде ауыр жараланып госпиталда бір қолын кеседі де, 1 топтағы соғыс мүгедегі беріліп, елге қайтарылады. Жылда Жеңіс күні жакындаған сайын әкемнің көзі тірісінде айтқан естелік әңгімесінен

майдан даласындағы ерен ерлігі еріксіз есіме оралады.

...Балалық балдаурен шақта бәрі арман, бәрі қызық қой. Соғыс жайлы кино көруге асғамыз, ойын балалары бір-бірімізбен соғысып ойнаймыз. Соғыс жайлы кино көріп, сұрапыл жылдарды көріп келген майдангер әкелеріміздің әңгімелерін тыңдағмыз келеді. Менің әкем мінезі ауыр,салмақты кісі болатын. Бір шешіліп сөйлесе алдына жан салмайтын, тарихты тереңнен қозғайтын шежіре кісі еді.

— Әңгіме айтыңызшы, әке - десек:

— «Сөз-сөзден туады, сөйлемесе неден туады, аруана-нардан туады, ар жағында бардан туады. Тегін адам тентек болмас, бос ағаш келтек болмас, өнер-білім қағазда бар, басқа кісен теспек болмас», -деп шұбырта жөнелетін. Үйде майдан тақырыбында әңгіме қозғалса үнсіз қалатын. Сосын біз де көп сұрап мазалай бермейтінбіз.

Бірде әкеме тосын сауал қоюға тура келді. Алпысыншы жылдардың бас кезі болса керек. Сол жылдары соғыс мүгедектеріне «Запорожец» автокөліктері беріле бастады. Бірақ неге екені белгісіз, бұл көліктер аяғынан жаракат алған, балдақпен жүрген соғыс мүгедектеріне беріледі. Ал қолдарынан жаракат алған соғыс мүгедектеріне берілмейді екен. Ауыл балалары емеспіз бе, жаңадан келген «Запорожецдің» сонынан жүгіріп қызыға қараймыз.

Мені осындай сауалдар мазалайды. Алып ұшып әкеме келдім.

— Әке, соғыста қолыңызды көтере бергенше, неге аяғыңызды көтермедіңіз? Қолыңызды кестіргенше, аяғыңызды кестірмедіңіз бе? Сонда біз де «Запорожец» алатын едік қой.

— Тәйт әрі! Орнынан ұшып тұрған әкемнің қабағы түйіліп қарайып кетті. Мұндай зекіп ашуланғанын алғаш рет көріп тұрмын. Сәл үнсіздіктен соң:

— Кел, жақындап жаныма отыр,- деді.

— Соғыс деген ойын емес, соғыс — қасірет, бұдан былай аузына ие бол. Сен сұрадың, мен айтайын деп әңгімесін сабақтады.

— Ұмытпасам, 1942 жылдың қараша айы еді. Старая Русь маңында немістердің үлкен бекінісін басып алу жөнінде тапсырма келді. Қара суыққа қарамай шабуылға әзірленген біздің бөлім №183 атқыштар дивизиясы жауынгерлері алғы шепке жакын болатын.Таң сәріде шабуыл басталып кетті. Атылған зеңбірек пен жарылған снарядтар үнінен құлақ тұнады. Екі жақтан да атылған оқ борап барады. Майдан даласын қара түтін басып, танкілер отқа оранып жатты. Бізге берілген тапсырма қарсы шабуылға шыққан фашистердің бетін қайтару еді. Алғашқы шабуылда бекіністі қорғап тұратын немістердің көзін жойдық. Шайқас ұзаққа созылды. Кезекті шабуылда алға қарай ұмтылған кезімде қол-аяғым «дыз» ете қалғанын сездім. Соған қарамай жүгіре бергенім сол еді жанымна снаряд жарылып, көзімнің алды жарқ етті. Есімнен танып қалыппын, қанша уақыт өткенін білмеймін. Көзімді ашсам кешкі ымырт кезі, айнала окка ұшқан жауынгерлер жатыр. Ышқына



МЕНІҢ ДЕ ӘКЕМ МАЙДАНГЕР

Кәрібаев Бертай 1919 жылы Қуаңдария болысына қарасты Аққырдың түстік бетін мекендейтін ауылда өмірге келген. Ауыл молдасынан діни сауатын ашқаннан кейін алғашқы кеңестік мектептен бастауыш білім алады. 1930 жылдардың ортасынан бастап 1 Май ауылдық кеңесіндегі алғашқы колхоздардың бірі «Жыңғылды ой», «Шеңгелді ой” колхоздарында есепші болып еңбек еткен.

Шамалы уақыт сауат ашу мектебінде ересектерге сабақ беретін мұғалім болып та қызмет атқарған. Осы кездерден бастап сол замандардың басты мақсат-тақырыбы болған байшылдарға арналған оның сықақ өлеңдері ауыл-аймаққа тарап «ақын жігіт» атанған. Ол Ұлы Отан соғысына 1941 жылы алынады да, ауыр жараланып 1942 жылы 1-топтағы соғыс мүгедегі болып ауылға келген. Соғыстан кейінгі әдепкі жылдары Жамбыл атындағы колхозда ферма есепшісі, ферма меңгерушісі болып еңбек етеді. Кейіннен Жамбыл атындағы колхозда, Жаңадария совхозында аға шопан болды. Ол өзі 1-топқа жататын бір қолы жоқ, екі көзі дұрыс көрмейтін соғыс мүгедегі болса да өлінің көлгенінше аянбай еңбек етіп, ауылда «Бертай ақын» атанған қайсар коммунист-майдангер болатын-ды.

Ол Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін «1941-1945 жылдарда Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін»медалімен 1945 жылы Жалағаш аудандық әскери комиссариаты арқылы марапаттасқа, 1946 жылы маусым айында «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қажырлы еңбегі үшін»медалімен де наградталған. Соғыстан кейінгі Ұлы Жеңістің әр жылдардағы мерейлі мерекелері тұсында «1941-1945жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20,30, 40 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 50, 60, 70 жыл», «Маршал Жуков» жауынгерлік-мерекелік медалдарымен және «Ұлы Жеңіске-25 жыл» төсбелгісімен марапатталған. Оның бейбіт еңбек майданындағы асқан қажырлылықпен атқарған жұмыстары «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалі, «Еңбек ардагері» медалімен және «Қазақ КСР-на 50 жыл», «Коммунистік еңбектің екпіндісі», «Бесжылдықтың үздігі» , «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілерімен қатар Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасы» сияқты атаулы марапаттаулармен бағаланған. Тұрмаханқызы Шырынқұл анамыз өкеуінен тараған бес перзентінің қызықтарын көріп, осы балалары мен немерелерінің ортасында 1994 жылы қайтыс болды.

ыңырсыған дауыстары естіледі. Денем қозғалмайды. Басыма снаряд жарықшақтары тиіп, бет жүзімді қан жуып кеткенін сезіп жатырмын. Өлім мен өмір арпалысып жатыр. Қарап жатып өлуге болмайды. Қол-аяғымды қарасам, оң қолым мен оң аяғым сау екен. Бірақ жайлап жылжып жүруге дәрмен жоқ. Ата- баба әруағына сыйынып туған ауылымды,туыстарымды, бауырларымды ойлап жатып сәл талықсып кетіппін. Бір кезде біреу бүйірімнен түрткендей болды. Жайлап қарасам, жаралы жауынгерлерді жинап жүрген арнайы үйретілген ит екен. мені әлсін-әлсін түртіп, тістелеп тартып шанаға жат дегендей белгі береді. Сау бір қол, бір аяғымның көмегі тиді. Бар күшімді жинап, шанаға жаттым. Өлгі ит шананы сүйреп жауынгерлердің арасымен өтіп, бір сайға түсіп жүріп келеді. Қара түнді қақ жарып жарқ етіп снаряд атылса жата қалып, қайта жүреді. Сөйтіп, жауынгерлер жатқан шатырға да келіп жеттік. Мұнда жаракат алған серіктестерім көп екен. Бет-ауыздары байланған олардың көпшілігін көріп тану мүмкін емес. Менің де жаракатымның қаны жуылып, алғашқы санитарлық көмек көрсетілді.

Қала бекінісі азат етіліпті. Бірақ екі жақтан да пығын көп екен. Сосын старшина өткен шабуылда ерлік көрсетіп, окка ұшқан «қара қағаз» тізіміне ілінгендердің есімдерін оқып отыр. Бір кезде «Алғы шептегі атқыштар дивизиясының жауынгері Бертай

Кәрібаев ерлікпен қаза тапты» дегенде өз құлағыма өзім сенбей, «мен тірімін» деп, айқайлап жібердім. Аң-таң қалған дивизия жігіттері мені көріп, қуанып жатыр.

Сөйтіп, ауыр жаралылар қатарында мені қала госпиталына әкеліп жатқызды. Аяғыма тиген оқ пен маңдайымдағы снарядтың жарқыншағы алынды. Бірақ сол қолымның сүйегін оқ паршалаған, қанша емдегенмен нәтиже болмады. Ақыры бір қолым кесіліп, майдан даласында қалды. «Қырық жыл қырғын болса да-ажалды өледі»деген «Өлмегенге –өлі балық кездеседі» деген де рас екен. Арнайы үйретілген әскери иттің көмегімен ажалдан аман қалдым. Кейбір адамдардан да артық жақсылық жасайтын ит, серік болатын ит- жеті қазынаның бірі ғой. Көретін жарығым, қызығым бар екен. Менің аркамда сен де келдің дүниеге. Енді өміріңді тіле, әлі арманың алда, балам. Мақсатыңа да жетерсің. Енді елдің тыныштығын тілеп, сендердің келешектеріңді ойлаймын, - деп әкем әңгімесін аяқтады. Мен не дерімді білмедім. Аңғал басым артық айтып кешірім сұрамаппын-ау. Үйден шығып жүгіре жөнелдім. Ойланып келемін. Жөнсіз сөйлеп, жаралы жүрегін сыздаатып алдым-ау. Өмірді көріп өткен данышпан бабаларымыз айтқандай, ата-ананың қадірін балалы болғанда, ағайынның қадірін жаралы болғанда, денсаулықтың қадірін ауырғанда

біледі екенсі ғой. Ал тыныш бейбіт өмірдің қадірін ше? Оны сұрапыл соғысты көріп қасірет шеккендер біледі екен ғой.

Соғыс зардаптары әкемнің денсаулығына кері әсерін тигізіп кетті. Басына тиген снаряд жарқыншағының кесірінен зақымдалған екі көзі көрмей қалды. Басы мен аяғы, жамбасынан жаракат алған, оның сырқаты күшейіп, қан қысымы көтерілетін болды. Әке жолын жалғастырып, өзін бес жыл шопан болдым. Әкем мен шешемді зейнеткерлікке шығарып,алғастары мен баталарын алдым. Айтпақшы, әкемің айтқаны келді, 1991 жылы тұңғыш Президентіміздің Жарлығымен 1-2 топтағы барлық соғыс мүгедектеріне «Запорожец» көлігі беріле бастады. Әкемнің арқасында мен де жаңа «Запорожецке» отырып, бірәз жыл қызығы мен игілігін көрдім.

Міне, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесі жақындап келеді. Мен де Отан қорғап, ерлік көрсеткен майдандардың баласымын. Менің әкем қан майданда жаумен шайқасып, біздің жарқын өміріміз, болашағымыз үшін бір қолынан, бір жанарынан айырылған. Бұл нағыз ерлік емес пе? Ерлік -елге мұра, ұрпаққа ұлағат. Ендеше, ерлеріміздің есімдері ешқашан ұмытылмайды.

Серік БЕРТАЕВ
ардагер журналист

АЛАЯҚТАР АРБАУЫ — ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ 37,3%-Ы

Интернет дамыған сайын алаяқтар да жаңа айдаларын арттырып келеді. Бүгінде ғаламтор кеңістігінде жасалатын қылмыстар – еліміз үшін өзекті мәселелердің бірі. Күн өткен сайын сан түрлі желі арқылы азаматтарды алдап, ақшасын жымқырып жүргендердің саны артып отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облыстық полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Тимур Хамитов баяндады.

Маманның айтуынша, интернет алаяқтықтың басты ерекшелігі ол кез келген адамға қатысты болуы мүмкін. Смартфон, компьютер немесе планшет ұстаған кез келген адам қас пен көздің арасында алаяқтардың құрбанына айнала алады. Қылмыскерлер түрлі әлеуметтік желілерді, интернет платформаларды шебер пайдаланып, халықты алдаудың түрлі жаңа тәсілдерін қолдануда.

– Өңірімізде жыл басынан бері 298 интернет-алаяқтық дерегі тіркелді. Бұл жалпы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 37,3 пайызын құрап отыр. Оның ішінде 118 дерек бойынша қылмыстық іс қозғалып, 41 іс сотқа дейінгі терген-тексеру

нәтижесінде аяқталды, – деді Тимур Зуфарұлы.

Интернет алаяқтарының жиі қолданатын тәсілдерінің бірі – өзін банк қызметкері немесе ұялы байланыс операторы ретінде таныстырып, азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізу. Осындай қылмыстардың алдын алу үшін еліміздің байланыс операторлары алаяқтық мақсатта шетелден жасалатын қоңырауларды бұғаттап келеді. Бүгінгі күнге дейін 50 миллионнан астам күмәнді қоңырау тоқтатылған.

Сондай-ақ облыс көлемінде интернет арқылы жасалатын қылмыстардың жолын кесу мақсатында «Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы» құрылып, арнайы техникалық құралдармен жабдықталған. Басқарма қызметкерлері халыққа түсіндіру, алдын алу және нақты тергеу жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді.

Интернетте қауіпсіз болу үшін әр азамат киберқылмыстың түрлерін танып, бейтаныс адамдармен дерек-терен болыспеуі тиіс. Есімізде болсын, банк қызметкерлері ешқашан сіздің жеке мәліметтеріңізді телефон арқы-лы сұрамайды. Сондықтан сақтықта қорлық жоқ екенін ұмытпаған абзал.

Қ.КҮЛМИШЕВА



Аймақта облыстық полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының ұйымдастыруымен “Таза Қазақстан” жоба-сы аясында профилактикалық іс-шара өткізді. Шараның мақсаты — қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тұрғындар арасында тазалыққа деген жауапкершілікті арттыру. Ақция барысын-да полиция қызметкерлері мен еріктілер қала аумағында тазалық жұмыстарын жүргізумен қатар халыққа экологиялық тәртіпті сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында жүргізілген жұмыстардың нәтижесін облыстық полиция департаменті жергілік полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешов Өңірлің Коммуникациялар Қызметінде өткен брифингте баяндады.

- Бұл іс-шарадағы полиция қызметкер-

лерінің басты міндеті — ортақ пайдалану-дағы орындарды ластау мен абаттан-дыру қағидаларын бұзуға жол берілу, сондай-ақ рұқсат етілмеген қоқыс орындарын және олардың пайда болу себептерін анықтау мен алдын алу болып табылады. Учаскелік полиция инспекторлары өздеріне бекітілген аумақтарда стихиялық коқыс тастайтын орын-дарды және олардың пайда болу себептерін анықтау бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде.

2025 жылдың басынан бері осы бағытта барлығы 5051 әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталған. Қазіргі уақытта «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы жұмыс-тар қарқынды жүргізілуде және алдағы уақытта да жалғасын табады. Барша тұрғындарды тазалықты сақтауға және қоршаған ортаға жанашырлықтен қарауға шақырамын,- деді Рауан Қырымұлы.



КӨШЕТ ЕКТІК

«Таза Қазақстан» - бұл еліміздің барлық өңірлерінде басталған экологиялық акция. Осы науқан аясында «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Тереңөзек кентіндегі Т.Қозыбаев атындағы №131 орта мектеп оқушыларымен бірлесіп, мектеп ауласына саялы ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстарын жүргізді. Отырғызылған ағаш түрлері сыр талы, үйеңкі ағаштарының көшеті.

Таза Қазақстанды бірге құрайық!

«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Кітапхана

Тағы бірде Лиза Байшұбарға «Мәселен мына әйел өмірден әбден түңіліп, жеті баласымен бірге о дүниеге аттану үшін у дәріге келіп отыр» деп өңі жүдеу әрі реңсіз кара катынның суретін көрсеткені бар.

Суретті қолына ұстап қарауын қарағанымен, екінші қолымен келіншектің жұп-жұмсақ денесін құшақтаған күйі отырып:

– Бір жұтым улы бере салмайсындар ма? Қайыр-садақаларын болмай ма? - деген әлдебірүнді қайғысына қаражамылмайтын жанның әдетімен күле сөйлеп.

Лиза күлген жоқ.

– Ол не дегенің? - деді бірден шап етіп.

- Удың әр тамшысы бір үйіір алтын!

Сосын ол бір сәт ойланып қалып:

– Алайда ол әйелде құралақан емес. Әжесінің әжесінен қалған күміс білезігі сапалы құйылған, сирек кездесер зат. Қазір қожайынның қолында.

Сонда бұл Лизаның жұп-жұмсақ денесін құшақтап, сипап отырып-ақ фирма бастығының өлімін жарасымдылау көрсө де, әйелдің үй-ішімен қырылу мақсатына бәрібір қайран қалған.

Тіпті әйелдің бұл ісін ақымактық көрді. Бірақ құшағынан Лизаны босатып жіберген соң әйелдің жүзіндегі, көзіндегі терең мұңға қайта мән беріп үнілсе, оны ақымакқа балай салуы ретсіз екен.

Өзінің миы анық жетпеген осындай бұлдыр тағдырлар туралы үш-төрт күн басын қатырып жүрді де, сосын мұндай жайларды қайтып ойламақса өзіне-өзі серт бергендей болып, тыйылды.

Тыйылуы да қызық еді. Үстінде дубленкасы, аяғында жалтыраған кара туфліи бар жігіт есіне түссе-ақ, Байшұбар сол ойларды жау тигендей етіп басынан бықбырт қуып шығады да, оның орнына өзінің Лизасын ойлап кетеді. Егер әлгі жігіт ойынан онайлықпен кетпей қойса, бұл Лизаны жалаңаш елестетеді де... жаны біржола жай табады. Өйткені мұның қиялындағы жалаңаш Лиза ойыңнан кімді де, нені де болса бездіріп жіберетіндей, тіпті біржола ұмыттыра алардай, алапат сиқырлы күш еді.

Ал жеті баласын өзімен бірге өлтірмек болған реңсіз кара катын елестей қалса, бұл екі баласын ерткен әйелі Шырайды ойлай қояды. Алка-салка болып жүрседағы Шырайдың да күйеуін анау-мынау ауыр ойлардан құтқарып алуға күдіреті жететін... Бұл құпияларының ешқайсысын да Байшұбар інісіне айтқан емес... Айтпақ та емес. Ақыл тоқтатқан аға болмаса, есі әлі кіресілі-шығасылы Шертай секілді бозбалаға естіп-білуге ертелеу әңгімелер деп есептеген.

Майдың ортасында Шертай жиырмаға толатын. Інісінің көңілі өссін деп осы жайды Лизаның есіне салуы-ақ мұң екен, шын ықыласы ма, әлде Байшұбарға ұнай түскісі келгендігі ме:

– Оho!... Үлкен қуаныш қой - деп ерекше ықылас танытып. Лолахан екеуі бірден стол жасына қамына кірісіп те кетті.

Кешкі асқа сөйкестендіріп жасаған столдың төріне Шертай отырды да, Байшұбар, Асәділлә, Лиза, Лолахандар төмен жайғасты. Ең бастысы - бәрі де көңілді еді.

– Қожайын қатыса алмағанына өкініш білдіріп, мынадай сыйлық беріп жіберді - деп Лиза әдемі қоробқадан шетелдік коньяк шығарып, жағалай құйып шықты. Шертай дәмін татып, өзгелері әлгі коньяктан қадімгідей ішті. Әрі-беріден соң музыка қойып. Байшұбар Лизамен, Асәділлә Лолаханмен біледі. «Өзімзде де ақша жүрсің де» деп бағыдан сақтап жүрген бес мың теңгесіне Байшұбар жаздық шолак-жең ақ көйлек сатып алған. Соны сыйлады. Лиза өз атынан еректер пайдаланылатын одеколон берді. Тіпті өзгелері де құралакан келмепті. Асәділлә шахмат тақтасын, Лолахан ойнайтын карта сыйлады. Түн жарымына дейін созылған осы отырыста бимен бірге жекелеп, жұптасып ән айтушылар да табылды.

Бір жақсысы шоферімен қонакқа кеткен Ахмет мырза түн жарымына дейін келмеді де, бұлар думандатып емін-еркін отырысты.

Ептеп қызып, екпіндей сөйлейтін дәрежеге жеткен Байшұбар інісі екеуі оңаша қалған сәтте: - Ризасың ғой! Туған күнің жақсы өтті емес пе? - деп өзінше қолпаш жасамақ болған. Бірақ Шертай аса қуанбағандай. Қуанбақ түгілі төменшіктеп, жабырқақ отырып: - Қайдан керемет болсын аға... Менің туған күніме арналған дастарқанның бір шетінде Шырай жеңешем мен Әліқұл, Бейсен інілерім отырмаған соң... -дей беріп, пырс-пырс жылап қалғаны.

Әйелі мен балаларының аттары аталған соң Байшұбардың да көңілі бұзылды.

– Шертайжан-ау, әрине... Айтқаның рас қой. Шырай мен Әліқұл, Бейсендер отырмаған соң - дей беріп, абдырап, кемсеңдеп қалғаны. Одан әрі екеуі бірін-бірі жұбатпады да. Бірі жылап, екіншісі пырсылдаған күйі төсектеріне қисайысып, тап бір өкпелескен жандардай теріс қарасқан күйлері ақыры ұйқыға да кеткен.

... Қалай дегенде де бұл кезең екеуінің де бақытты күндері еді... Өйткені екеуінің де жұмысы бар. Айтқандары ауылға кетіп жатыр. Қарын көк. Көйлек көк... Бұл шақта екеуі де толған. Өттең, суретке түсуге рұқсат жоқ. Болмаса Ұзынарықтағылар бұлардың ақ сазандай дидарларын көріп те бір шуласар еді.

Байшұбарды ерекше бақытты десе де болады. Өйткені оның Лизасы бар... Екеуінің арасын ауладағылар үшін жариялы десе де болғандай. Бұл жайды Ахмет мырзаның өзге де біледі. Білетін

себебі - екеуін жуырда шөп қораның ішінде көріп қалған. Екеуінің серендесіп жатқан аяқтарына қалың қабағының астынан карап, ол біраз тұрды да.

Қожайындарының солай қарап тұрғанын Байшұбар мен Лиза да аңдады. Бірақ аңдағанда не істесін?

Қожайын тұрлы-тұрды да, үлкен үйге қарай маң-маң басып кете барды.

«Енді шаруамыз шалқайған болар. Жұмыстан кететін болармын» - деп Байшұбар абдырап, көпке дейін қорқып та жүрді. Тіпті «Ондай жағдайда тым болмаса ініме залалым тимесе екен» деп уайымдаған.

Бірақ қожайыннан хабар болған жоқ. Ертеңіне де... Оның ертеңіне де... Лизаның да көңіл-күйі бұрынғыша секілді.

Сонда Байшұбар іштей «Ойпырмай, сабаз неткен кең кісі еді... Болмаса мені ауладан ит қосып қуатын жері ғой. Ит қосқаны не, ойбай-ау, гүрс-с еткізіп атып тастағанда не істер едім? Мен үшін кім, қалай дауласа алады?» - деп ойлаған.

теледидары мен тоназытқышы бар екен деп естіді. «Маркісі мынандай» деп Лиза бұған айтуын айтып еді, құлағына жат шетелдің сөзі Байшұбардың есінде қалмапты. Өздері жакындап барып қарауға да тәуекел еткен жоқ.

Жазға қарай әртүрлі сәнді машиналарымен қожайынға келіп-кетушілеркөбейді. Олардыңқайсыбіреулері онымен мәслихат құрып ұзақ отырады да, енді біреулерінің үлкен үйге кіруінен, шығуы тез.

Ұзақ мәслихаттасатындардың кезінде үлкен үйдің екінші қабатына шай мен шай жабдықтары, жемістер мен әртүрлі шарап, сусындар тасып Лолахан мен Лиза да аяқтарының ұшымен басып жүргендері...

Сондай ұзақ мәслихат құрулардың кезекті тобы кеткеннен кейін, Лиза ағайындылардың бөлмесіне кіріп: - Көп ұзамай жұмысқа аттанасыздар, - деді аса сақтықпен биязы сөйлеп. Байшұбар үндеген жоқ. Шертай көптен күткен хабарын ақыры естігеніне ерекше қуанып,

неге айтпайды?» - деп ойлады Байшұбар қолындағы жарты парақ қағазды ұзақ ұстап отырып. Бір жамандықты іші сезгендей еңсесі түсіп те қалған. «Айтпақшы, тізімдегі қарыздарының біразынан Сиякүл құтылды емес пе? Құтылды ғой» - деп ойлады Байшұбар қағаздағы тізімге қайта үңіле беріп. «Мәселен, мына Токашбай, Пірәлі, Алдиярлардан құтылды... Демек, бұл тізім Ералы алғаш келген бетте...»

Байшұбар қағазды бүктеп, ішкі қалтасына салды. Бірақ інісіне тіс жарып ештеңе айтпады. «Ол не қағаз екен?» деп Шертай да сұрамады.

Кезекті кездесуінде Лизаға: «Сен Ералы деген жігітті танымайсың ба? Ол да Ұзынарыктан еді...» - дегенде Лиза бірауық үнсіз қалды. Сосын аз-кем қызарақтап тұрып: «Білмейді екенмін... Бәлкім ұмытып қалған шығармын...» -дей берді де, осындайда оп-онай жымия салатын әдетіне салған.

Бұл жолы Байшұбар келіншекке еріп

ЖЫЛАННЫҢ УЫ

Т.Нұрмағанбетов

күле қоймады. Тіпті бірінші рет оны осы бір жасанды мінезі үшін жаратпай қалғандық сезімде отырды.

Есіне оқис бірдеңе түсе кеткендей, Лиза кенет орнынан асығыс тұрып, есікке қарай беттегенде де, Байшұбар келіншектің соңынан көз алмай қарап отырды. Бірақ қызығып емес, күдіктене қарауы бірінші рет еді.

Жол жүрерден екі күн бұрын Лиза ағайындыларға, үйлеріне екеуі үшін төрт жүз мың теңге жіберілгендігін анықтайтын почтаның мөрі басылған анықтама қағазын әкеліп берді. Шертай тағы да еліре қуанып, қолшапалақтап жіберуге әзірлене бергенде, Байшұбар байсалды қалпын өзгертпей Лизаға:

– Ақша қалайша көбейіп кеткен? - деді.

Лиза да сасқан жоқ. Сүйкімді жымнып тұрып:

– Қожайынның қамқорлығы... Мынадай

ыстықта жауапты жұмысқа баратындықтан сіздерге бір айлық мөлшерінде сыйақы берді. Ризасыздар ма?

Байшұбардың танданған күйде бірауық аузы ашылып қалды да, Шертай ендігі жерде шыдай алмай, әуелден дайындап отырған алақандарын аямай шапалақтады.

Және қуаныштан есі шыққан жүзін көрсен... Сәби де мұндай қуана алмас, сірә.

– Жасасын қожайынмыз!

– Молодец! - деп Лиза да оны қостап

кол ұрды. Сосын Байшұбарға бұрылды.

– Сіз немене, қуанбайсыз ба?

Осылай деп келіншек әлі де почтаның анықтама қағазына үніліп отырған Байшұбардың иығына қолын салды. Қылығында жаны бар еректеңі жүрегін елжіретпей қоймайтын еркелік бар. Сондай сырлы назды Байшұбар да сезбей қалған жоқ. Сондықтан да:

– Әрине, әрине, қуанамын, - деді ол қапелімде асып-сасып. – Ендіше неге кол ұрмайсыз? Сіздердің әсерлеріңізді мен қожайынға жетізуім керек емес пе? А-аа?

Келіншек енді еркек түгілі сайтанның да есін шығарып жіберердей сылқ-сылқ күле беріп, жігіттің қапқақтай жауырынан бір салып қалғанда, өзін байсалды-ақ ұстап отырған батырыңыз күркетей алақандарын бір-біріне қалай соғып жібергені де аңдамай қалды. Бір жағынан осы ісіне ынғайсызданып, өңі қызарып, алабұрттып та кеткен. Бірақ бұл қысылу -

кол ұру себебінен ғана емес-ті. Өздерінше жасырғанысып жүрген келіншекпен арадағы сезімнің ойда жоқтағы жариялылығын одан әрі жарастырып жіберген тағы бір жай болды. Ағайынды екеу жарыса кол соғып отырған сәтте Лиза «Сендердің қуаныштарың менің де қуанышым ғой» дегендей ортаға шығып, өзбекше мәнерде дөңгелесе билеп, бөлме ішін бір айналып, сосын осы бір ісіне өзі қатты ұялғандай, қызарақтап, алмайдай қызарған жүзін алақандарымен көлегейлеп, жасырған болып, бөлмеден шығып кетті.

Келіншек шығып кеткен соң да, ағайынды екеудің елірген қуаныштары бірден басыла қойған жоқ. Алақандарын ұруды қойса да, алып-ұшқан көңілмен көкке ұшып кетердей екпіндері басылмады. Бір-біріне қарағандары да сондай мейірімді, әрі қуанышты еді. – Аға, мына қаналық тіпті керемет емес пе? Айтпадым ба, қожайынмыз осы дүниедегі қолы ашық, әрі мейірімді жан деп... – Расында да-а... – Аға, төрт жүз мың теңгені қолдарына алған жеңешем, Әліқұл, Бейсендер қалай қуанар екен, а-аа? - деді Шертай ағасының иығына басын сүйей беріп. - Құдай біледі, Әліқұл тағы да хат жазатын шығар. Жанадан үйренген әріптері болса, Бейсен де аянбас. Алла қаласа, мына жұмыстан қайтып оралған бойда, солардың хатын оқып отырармыз.

Інісінің бақытты жүзі мен жақсы сөздеріне Байшұбар да марқайды. Қадімгідей ет-бауыры елжіргені ғой, иығына сүйенген інісін қапсыра құшақтап, кеудесіне басты. Мұндай әдет - балалықтан арылғалы бері болмағандықтан ба, ойда жоқта екеуінің де көздерінен бырт-бырт жас та шыға кеткені.

Байшұбардың тағы бір қуанышы - бетіне шіркеу болып жүрген Лизамен арадағы байланысына да інісінің кешірімді кең мінез танытуы еді.

– Аға, менің Әліқұл мен Бейсенге хат жазғым келіп отыр. Тіпті қазір жазсам, - деді кенет қуаныштан жер-көкке сыймай шаттанып, жүзі алабұрттып отырған Шертай. Дәл қазір әншейінде ұстамды, сақ көрінетін Байшұбардың өзі де тым көңілшек еді. Бір жағына інісінің көңілін де қимағандығы болар:

– Шертайжан-ау, жақсы басталып тұрған ісімізді бұлдіріп алып жүрмесек.

– Бүлдірмеймін аға-а...

– Өзің біл... Бірақ бүгін сені поштаға

Т.Нұрмағанбетов

ешкім жібермейді де ғой.

– Пошта жәшігіне келген соң-ақ салармын. Бірақ жазуын қазір жазып қояйыншы...

Шертай енді ағасының жауабын да күтпестен, стол суырмасынан бір бет қағаз бен қаламды шығарған бойда інілеріне соншалық құпия сыр айтатын жандай теріс қарап отырды. Қаламының екінші ұшын ерніне тақап бірауық ойланған болды. Сосын қаламы қисандап ақ қағаздың бетіне әлдебір сөздерді жаза бастады.

... Ағайынды екеудің өмірлеріндегі бұл да бір айрықша есте қалардай бақытты күндері еді...

4

Ұзақ сапарға шығар түні бұлар әдеттегіден ерте жатқан. Лиза арқылы айтқан қожайындарының сәлемі осылай болды. «Қожайын айтты» деген соң-ақ екеуі де сөзге келмей, шешіне бастаған-ды. Таң алдында Байшұбар түс көрді.

...Ағайынды екеуі ауылдарын іздеп жол жүріп барады екен-ау шамасы. Бұларды бастап келе жатқан жалғыз аяқ жол, кенет бір қараңғы үңгірге кіріп кеткен. Байшұбар дағдарып қалса да, Шертай тайсалар емес. «Аға-ау, бұл жол үңгірден қайта шығады», - деп қойды да кетті. Бұл да інісіне еріп бағып еді, үңгір бітер болмалды да, бұл қорқып, алқына жүгіріп, қайта шығып келе жатқанда гүрс-с еткен мылтық үні естілді.

Сол ащы үннен шошынған Байшұбар қараңғы үңгірге қайта қаша беріп, оянып кеткен...

...Көзін ашса, Ахметтің өзі төбесінен төніп тұр екен. Қолында мылтық. Түсі суық.

Байшұбар көзін асығыс укалай беріп: «Өлтіңде түсімде атылған мылтық осы мылтық па, әлде-е...» деп ойлай беріп, бірақ анығына көз жеткізе алмады. Тіпті бұларды қожайынның өзінің келіп оятуы да күтпеген жай еді... Бір есептен Байшұбарға әлгінде көрген түсі жалғасып жатқандай да әсер қалдырды. Олай дейін десе. Шертай да орынан асығыс тұрып, апыл-ғұпыл киініп жатыр.

Үшеуі асханаға кіріп, үш үлкен кесеге құйылған айранды түргелеген қалпы, қатар тұрып сімірді де, бірден сыртқа шығып, мал қораға қарай беттеген. Асәділлә аттарды ерттеп, Лолахан аттарға тиелетін қоржындардың біріне ас-ауқат, екіншісіне әртүрлі қажет ыдыстар салып әуреленіп жатыр екен.

Кімнің қай атқа мінітетінін де ағайынды екеуге жатар алдында Асәділлә түсіндірген. Бозбесті Ахмет қожайындыкы... Жирен дөнен Байшұбардыкі... Қасқаторы Шертайдыкі...

Қасқаторының өзіне тигеніне де бозбала жігіт қандай қуанып еді.

– Ойпырмай, құдай бар екен ғой, аға-ау, қасқақ шетінен мөңірген сырлар мен үрген иттердің дыбыстары естіледі. Олар да марғау. Танғы ұйқыларынан толық арылмағандары үдерінен анғарылып тұрғандай. Әлде ұйқылы-оюу жандарға дүние түгел ұйқылы-оюу болып көрінетін сиқыры болса да өзі білсін... Өйткені көк-тен, жерден естілген торғайлардың үнінен де шала ұйқылы күй сезіліп тұрғандай еді.

(*Жалғасы бар*)

ХАБАРЛАМА!

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаске-сінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Шойбас» учаскесі	257	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	орташа саздақты	жайылымы 228 га, басқа алқаптары 29 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
2	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Өңтүстік коллектордың» оңтүстік беті	288	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	ауыр саздақты	жайылымы 261 га, басқа алқаптары 27 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
3	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Атжайған» учаскесі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	жеңіл саздақты	Жайылымы 41 га, басқа алқаптары 9 га	10	Мал шаруашылығы	Жоқ
4	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Бестам» учаскесі	155	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	құмдақты	Жайылымы 124 га, басқа алқаптары 31 га	16	Мал шаруашылығы	Жоқ
5	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Шойбас» учаскесі	212	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	орташа саздақты	Жайылымы 191 га, басқа алқаптары 21 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
6	Жалағаш ауданы, Жанадария ауылдық округі, «Тамды» учаскесі	650	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	жеңіл саздақты	Жайылымы 470 га, басқа алқаптары 180 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
7	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	85	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	құмдақты	Жайылымы 68 га, басқа алқаптары 17 га	6	Мал шаруашылығы	Жоқ
8	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	2000	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	орташа сазды	Жайылымы 1817 га, басқа алқаптары 183 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
9	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	1500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	орташа саздақты	Жайылымы 1367 га, басқа алқаптары 133 га	8	Мал шаруашылығы	Жоқ
10	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	232	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	жеңіл саздақты	Жайылымы 208 га, басқа алқаптары 24 га	6	Мал шаруашылығы	Жоқ
11	Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылдық округі, №7 ауыспалы егіс жүйесі	13	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	орташа сазды	Егістігі 12 га, басқа алқаптары 1 га	3	Егін шаруашылығы	Бар

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылғы «2»маусым сағат 9⁰⁰ - ден бастап 2025 жылғы «20» маусым сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Өйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2025 жылғы «21» маусым күні сағат 10⁰⁰ - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары

мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды

көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, анылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған

міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2025 жылғы 21 маусым сағат 10⁰⁰ - ге дейін ашуга болмайды» деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-8-70.

ИЗВЕЩЕНИЕ!

Перечень земельных участков, выставленных на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства (аренды) по Жалагашскому району, Кызылординской области

№	Расположение земельного участка	Площадь земельного участка, гектар	Целевое назначение земельного участка	Право землепользования	Качественная характеристика почв	Состав угодий	Балл бонитета	Сельскохозяй-ственная специализация региона	Возможность обеспечения водой
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалагашский район, Жанадарийский сельский округ, участок «Шойбас»	257	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 228 га, прочие угодья 29 га	3	Животноводство	Нет
2	Жалагашский район, Жанадарийский сельский округ, южная сторона «Ожного коллектора»	288	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	тяжело-суглинистая	Пастбища 261 га, прочие угодья 27 га	2	Животноводство	Нет
3	Жалагашский район, Жанадарийский сельский округ, участок «Атжайған»	50	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легко-суглинистая	Пастбища 41 га, прочие угодья 9 га	10	Животноводства	Нет
4	Жалагашский район, Жанадарийский сельский округ, участок «Бестам»	155	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	песчаник	Пастбища 124 га, прочие угодья 31 га	16	Животноводство	Нет
5	Жалагашский район, Жанадарийский сельский округ, участок «Шойбас»	212	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 191 га, прочие угодья 21 га	2	Животноводства	Нет
6	Жалагашский район, Жанадарийский сельский округ, участок «Тамды»	650	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легко-суглинистая	Пастбища 470 га, прочие угодья 180 га	2	Животноводства	Нет
7	Жалагашский район, территория сельского округа Каракеткен	85	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	песчаник	Пастбища 68 га, прочие угодья 17 га	6	Животноводства	Нет
8	Жалагашский район, территория сельского округа Каракеткен	2000	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-глинистая	Пастбища 1817 га, прочие угодья 183 га	3	Животноводство	Нет
9	Жалагашский район, территория сельского округа Каракеткен	1500	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 1367 га, прочие угодья 133 га	8	Животноводство	Нет
10	Жалагашский район, территория сельского округа Каракеткен	232	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легко-суглинистая	Пастбища 208 га, прочие угодья 24 га	6	Животноводство	Нет
11	Жалагашский район, сельский округ Мадениет, севооборот №7	13	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-глинистая	Пашня 12 га, прочие угодья 1 га	3	Растениеводство	Есть

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района» по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3 с 9⁰⁰ часов «2» июня 2025 года до 19⁰⁰ часов «20» июня 2025 года.

Проведение конкурса начнется «21» июня 2025 года в 10⁰⁰ часов в зале заседаний акимата Жалагашского района по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалағаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или

акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта воспроизводительного землеустройства, выполненного мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются

неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, опечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 10⁰⁰ часов «21» июня 2025 года».

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района», расположенном по адресу: Жалагашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3.

Контактный телефон: 8(72431) 31-8-70.

ЕНДІ ЕШ ЖЕРДЕН ІЗДЕП ТАППАСПЫН...

Сартайым өмірінде жолы болған, еңбегі жанған, күні мен айы оңынан туған, қадамы құтты, сапары сәтті болған, халықтан, уақыттан, тарихтан, мемлекеттен өзінің лайықты бағасын алған, бақ қарап, қыдыр дарыған, бақытты жан!

Сартайым ата-аналары Нұрғазы атадан, Базаркүл әжеден, Шәдібай папамыздан, Жамал анамыздан төлім, тәрбие, білім алып, олардың ақ батасынан, адал өмірден, адал еңбектен, ақыл парасаттан, әділдіктен, тазалықтан, тұрақтылықтан, адамгершіліктен бақыт тапқан жан!

Сартайым бәрімізге адалдықты, тазалықты, мейірімді, кешірімді болуды үйретті. Қолымнан келсе егер-дағы, жан Сартайым, аспанға мәңгілік жазар едім есімдің!

Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды. Жақсы әйел – азаматтың бақыты. Дарын мен талант құдайдан, ердің бабы жұбайдан деп қазақ бекер айтпаған.

Мен 1972 жылдың 22 ақпан айында 1 Май мектебінде өзіммен бір класта, бір партада оқыған кластасым Сартай Нұрғазықызымен отау құрдым. Екі ұл бала Серік пен Берікті дүниеге әкеліп, 6 немере, Серіктен Зәуре, Нарғыз, Арман, Беріктен Досым, Амина, Әдемі сүйдірген Аллаға шүкіршілік етемін.

Сартайым маған өзін де, өмірін де, жүрегің де, тілегін де қалтқысыз арнаған жан. Ол менің алдыма да түспей, артымнан да қалмай, қатар жүріп әрдайым жанымда жалау болып, жырытығыма жамау болып, өтпегенін өткізіп, жетпегенін жеткізіп, күндіз де, түнде де, үйде де, түзде де, қыста да, күзде де қалмай, бапкерім, демеушім, жебеушім, сақшым, шырақшым, ашубасарым бола білген Асыл жарым еді.

Басыма төнген оқыс-ойыстан шығуым үшін, әр кезде ойымды құптағаны үшін, сан сәтсіздікке шыдағаны үшін, менің өмірлік жарым болған Сартайыма ризамын! Тағдырыма, Аллаға ризамын осындай асыл жанды кездестіргеніме, айналайын жан жарым, алтыннан артық бағалысың, енді сендей жанды еш жерден іздеп таппасын...

Ел арасында Сартай мен Ақылтай шын мәнінде бақытты жандар. Ал бақыт деген сұрап, тартып, сатып, алдап алатын зат емес, біреудің біреуге кигізе, сыйлай салатын шапаны, мінгізе салатын аты емес. Бақыт деген Құдайдың өзінің сүйген жанына көрсететін құрметті, сыйлайтын сыйы, жасайтын жақсылығы.

Сартай мен Ақылтай өз бақыттарын ата-аналарының ақ батасынан, адал өмірден, адал еңбектен, ақыл-парасаттан, әділдіктен, тазалықтан, туралықтан, адамгершіліктен тапқан жандар. Осындай бақыт баянды болады. Сартай мен Ақылтай өмірдің, еңбектің, бейнеттің, тұрмыстың қызығын да, қиындығын да, барын да, жағын да ағайын елмен бірге көріп, қуаныштың да, қайғының да дәмін татқан, оның

парқын, нарқын ойлай да білген, бойлай да білген деген әңгіме аз айтылмайды.

Сартай жөнінде халық та, ел де бөлінбейтін, жарылмайтын, талқыға салынбайтын, бір-ақ пікір қалыптасқан. Ол – Сартайдың адалдығы, тазалығы, тұрақтылығы, қажырлығы, әділдігі, батылдығы, іскерлігі, талапшылдығы.

Бұл – елдің халықтың берген бағасы!

Сартай Нұрғазықызы уақыттың, тарихтың, халықтың әділ таразысына түсіп, өмірдің бар сынынан сүрінбей өткен, иманы

**Сартай барда ашық тұрар есігім,
Сартай барда тербеледі бесігім
Сартай барда жоғары еді-ау,
менің мәртебем,
Сартай барда өшпес еді-ау,
менің есімім.**

**Мұңға бір кеудең толғанда,
Көнеді өкенсің оған да.
Сағыну бақыт екен ғой
Сағынар кісің болғанда.**

мен ұятының туын жықпаған, ары мен намысына дақ түсірмеген нағыз Ардақты да, үлкен жүректі азаматша да, Асыл жар! Алланың сыйы, Алланың аманаты! Ақ халатты абзал жан!

Сартаймен тәніміздің бөлектігі болмаса жанымыз бір жандар едік. “Әйелің жақсы болса шешендей болады екен”, осындай аса жоғары бағаға теңеу Сартайдай адал жар, асыл Аналарға арналас керек.

Халқының елінің ықыласына бөленген, көңілінде, көкірегінде



Абдоллаева Сартай Нұрғазықызы 1947 жылы 26 сәуірде дүниеге келген. 1955 жылы Қызылорда қаласындағы №1 Май орта мектебінің бірінші класына оқуға барып, 1966 жылы 11-ші класты үздік бағамен “Алтын алқа” иегері болып бітіріп, сол жылы Алматы Мемлекеттік Асфендияров атындағы медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсіп, 1972 жылы ойдағыдай акушер-гинеколог дәрігер мамандығы бойынша бітіріп, сол 1972 жылы Қызылорда облыстық ауруханасының гинекологиялық бөлімінде қатардағы дәрігер болып еңбек жолын бастады. 2024 жылға дейін осы бөлімде 52 жыл аянбай етті.

ЖҮРЕККЕ ЖАҚЫН ЕСІМДЕР

Сартай Нұрғазықымен әріптес, оған ұстаз болған өз салаларының мамандары, облыстық акушерлік-гинекологиялық саланың негізін қалаушы, Ленинград қаласынан ауысып келген Мария Георгиевна Егорова, өз жұмысының майталмандары, облыстық акушерлік-гинекология саласына ауқымды үлес қосқан облыстың акушер-гинекологы Голубева Татьяна Флоровна, бөлім меңгерушісі қызметін абыроймен атқарған Тойбазарова Аида Тойбазаровна, Төрешбаев Әбдір Төрешбайұлы және де жоғары санаттағы дәрігерлер Күшербаева Әріп Көшербайқызы, Бисенбаева Нашарбан Айдуллақызы – ел мақтаныштары.

Сонымен қатар гинекология бөлімшесінің медбикелері Смольникова Мария Григорьевна, Абеннова Гулзад

Абенқызы, Зулқайнарова Жібек Зулқайнарқызы, Мамаева Қадима, Жанайдарова Орынқұлдермен бірге қызмет етті.

Дәрігерлер Маханова Ғалия Тұрғанбаева, Хан Виктор Евгеньевич, Қамзаев Айдос, Мынбасов Жандос Қалдыбекұлы, Джанқараев Тимур, Мырзахметова Дана, Тулекова Назира Алтаевна, Бекентаева Гүлдерай есімді дәрігерлер мен Ізтілеуова Шынар, Жанжітова Нұржамал, Шайханова Света, Абилова Дильда, Айтбай Ақерке, Пазылова Бота, Серікбай Ақмаржан, Мажикен Назгүл, Ермеқызы Насихат, Аширбекова Шолпан, Оразбаева Сәуле, Сәрсенбаева Аманкүл, Балыпбаева Гүлдерай, Абатова Гүлмира, Жалғасбаева Шолпан, Ағытаева Мақпал есімді медбикелермен бірге талай ана мен бала өміріне арашашы болды.

игілікті ісі, отбасына, әулетке, елге, халқына кіршіксіз адалдығы, жолдасқа, досқа, жалпы адамға деген пейілі, ықыласы, ілтипаты, жаңашылдығы, жанашырлығы, ерекше таңқаларлықтай баршамызға мәңгілік өшпес өнеге болып қалады.

Өмір қамшының сабындай қысқа, адам өмірі дөңгелекті арба секілді. Қатты жүріп бара жатқаныңда арбаның

кетерін ешкім білмейді, тек қана Аллаһқа ғана мәлім. Сондықтан әр күнімізді бағалап, Аллаға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Өмірдегі ең ауыр сағыныш, бұл өмірден өтіп кеткен жанды сағыну екен ғой. Байраын десең қасына бара алмайсың, құшақтайын десең құшақтай алмайсың, сүйейін десең сүйе

алмайсың, тек қана қолыңнан келетіні дұға жасау. Сондықтан өмір деген сынақ, не боларын білмейсің, жаңа жанып сөнген күлдейсің, сол сөнген күлдің ішінен шок іздеп, қайта жануың үшін өзінді-өзің үрлейсің.

Сартай Нұрғазықызы бұл өмірге тек келіп кеткен жоқ, ол ой қалдырды, ойдан іс қалдырды, істен мұра қалдырды.

Ол дүниеден өткен жоқ, бұл өмірге келіп кетті,

Топыраққа мәңгілікке еніп кетті, ол тоқырады.

Өткен ісі, жолы өрнек боп тоқылады Әрқашан да бізбен бірге, бірақ та Бірақ та бөліп тұрған туған жердің киелі топырағы.

Денсаулықтың, достықтың
Әйеліңнің бағасын
Айырылғанда аңырап
Қайдан табасың?

Кең едің-ау, кең едің-ау
Сартайжан
Амал қанша,
Ажал алса жағадан!

Өткен күндер жиылып,
Мәңгілік боп жарқырап.
Қайта келмес ол күнді
Сағынтып көңіл қалдырап.

Қайғылылау болады
Өмірдің соңғы жартысы.
Қажытады көңілді
Адамның артыс-тартысы.

Өзің де, сөзің де Сартайжан
Мәңгілік сақталар ойымызда.
Зар жылап қалдық қой баршамыз да
Сендей жан табылмас бұл өмірде
Баса алмайды ізіңді ешбір жан да!

Сартай Нұрғазықызы аяқ жетер, тіл жетер ағайынға қажет кезінде, сын сағатында қасынан табылып, шуағын молайтып, көлеңкесін кеңейтіп, қуанышына да, қайғысына да ортақтасып, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға тіреу, шаршағанға демеу, қамыққанға қамқоршы, жылағанға жұбаныш, қуанғанға қолдаушы болып, бүкіл әулетімізге пана да, жаға да, саға да, Ана да бола білген үлкен жүректі Ана!

Сартай Нұрғазықызының бұл дүниеде жадыраған жүздері, күлімдеген көздері, істері, басып кеткен іздері мәңгілік жүрегімізде сақталады. Шүкіршілік етемін, Аллаға! Елім бар, ағайыным, туыс-жамқорым бар, дос-жараным бар, бауырларым, балаларым, немерелерім бар, Сартай Нұрғазықызының өмірін жалғастыратын.

Сартай Нұрғазықызының жатқан жері жайлы, барған жері жұмақ, мінгені пырақ, алды пейіші, арты кеңіш, жан-жағы жанған шырақ болғай! Өмин!

**Жұбайы Ақылтай Жаппасбаев
ПАЛМАНТАЙҰЛЫ
Қызылорда қаласының
“Құрметті Азаматы”**

ӨЗДЕРІҢЕ ТАППАДЫМ ТЕҢ КЕЛЕРІН...

Әр нәрсе еш себепсіз болмай-тыны белгілі. Қолыма қалам алуға басты себебі бұрынғы ата-бабаларымыздан бізге жеткен қазақи әдет-ғұрып пен салт-дәстүр жайлы болды. Шіркін-ай, сол кездегі адалдық пен азаматтық, сыпайылық пен сыйластық, кеңпейілдік пен кішіпейілдік, ибалық пен имандылық ерекше еді-ау. Үлкен кісінің алдын кесіп өтпейтін, үлкенге ізет, кішіге құрмет айрықша болатын-ды. Мысалы, жас келіндер аталары мен қайын-ағалары және қайындары мен қайынбикелерінің аттарын атамай, әркімнің өзінің мінезі мен жүріс-тұрысына, тұлғасына, киген киіміне, сөз саптасына сай келетіндей балама атпен атайтын. Абысындар да бір-біріне солай ат қойып алатын. Бәрі де жарасып тұратын еді.

Біздің ауылда өзі сары, көзі көк Нұрбек әкемізді келіндері атын атамай, «Ноғайбас» қайнаға дейтін. Смайыл ағамыз үстіне кілең ақ киім киіп жүретін. Киген киіміне қарап ол кісіні «Доқтыр» қайнаға деуші еді. Пазылбек әкеміз ұста болғандықтан оны «Ұста қайнаға», Башар ағаны «Бригадир» қайнаға, әкем Өшірбек айқайлап сөйлейтін кісі еді оны «Дарылдақ» қайнаға, Оспан ағамыздың бойы аласалау болғандықтан «Гөкене» қайнаға, Нұржау ағамызды «Ақсұңқар» қайнаға, Ералы ағамызды «Жамау» аға, сол кездегі су маманы мұрап Ералы әкемізді «Өшішай», сонау 1917-1919 жылдары РКК болған Әбдіқаппар әкемізді «Мәуілі» деп атайтын.

Ал, абысындар болса шынайы сыйласып, Жібек әкемізді «Таза жіп» Рахила апамызды «Қайқы би», Аппаз апамызды «Көк көз», шешем Қаншайды «Шолақ», Қаратай апамызды «Айқай», Қатира апамызды «Лаулабай», Шарипаны «Пахалыста» апай деп атаушы еді. Жеңгелеріміз қайнылары мен қайынбикелерін еркелетіп ерекше атайтын. Қандай жарасымды дәстүр десеңші.

Шіркін-ай, бір-біріне қарасатын, жанашыр боп жанасатын, әзіліміз жарасатын, бар жағдаймен санасатын, қазақи қалпын, сақтаған салтын, сөздері алтын, жүздері жарқын, мінезі жұмсақ майдан, жандары жайсаң жеңгелерім де аз қалыпты-ау.

Солардың санатында маған ерекше орны бөлек екі жеңгем бар. Олар Жібек пен Нина. Алла Тағала оларға зор денсаулық, қажымас қайрат, отбастарына аманшылық пен жақсылық, бақ-дәулет пен ырыс-береке беріп, ұл-қыздары мен немере-шөберелерінің шынайы жылы шуағына бөлене бергей деп тілеймін! Мынау жыр жолдарын сол жеңгелеріме арнаймын:

Бірнеше емес менде тек бір елім бар,
Жұмыр жердің бетінде жыр елім бар.
Дүйім жұртқа белгілі дүрлер шыққан,
Сейхун дария бойында Сыр елім бар!

Жеңгелерден-Нина мен Жібегім бар,
Тайсам тіреу болатын тірегім бар.
Ләйім сендер аман болындаршы,
Алладан осындай тек тілегім бар!..

Назымды көтеретін сендерсіңдер,
Бұнымды артық, әлде кем дерсіңдер.
Әзілден екеуіңе еркелесем,
Қазақи қалжыңменен емдерсіңдер.

Керемет қой, керемет жеңгелерім,
Дәрменіме білемін дем берерін.
Ойпырмай, өзімше ойлап өзгелерден,
Өздеріңе таппадым тең келерін!

**Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі**



Бүгінде еліміздің әр аймағында кәсіпкерлікпен айналысып, ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген жандар аз емес. Солардың бірі – Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кентінің тұрғыны, жас кәсіпкер Аралбаева Айна Аманкелдіқызы. Ол өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында туған жерінде табысты кәсіп ашып, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып қана қоймай, ел игілігіне қызмет етіп келеді.

Бастамасы наннан басталған... Айна Аманкелдіқызының кәсіпкерлік жолы 2021 жылы басталды. Сол жылы өз қаржысына шағын наубайхана ашып, алғашқы қадамын басты. Бастапқыда бар болғаны екі жұмысшы қызмет еткен бұл орын бүгінде Белкөл кенті мен оның маңындағы елді мекендерге нан және нан өнімдерін үздіксіз жеткізеді. Әсіресе, Сұлутөбе мен Майлытоғай ауылдарының мектептері, дүкендер мен зауыттары Айнаның наубайханасының тұрақты тұтынушыларына айналды.



жолда көптеген қиындықтарды еңсеріп, білімін де, шеберлігін де дамыта түсті. – Мен бұл кәсіпті жүрегіммен қаладым. Әрбір иісі бұрқыраған нанды өз қолыммен жасап, халыққа дәмді тағам ұсыну – мен үшін үлкен мәртебе. Кәсіп бастау – оңай іс емес, бірақ еңбек еткен адамның арманы міндетті түрде орындалады, – дейді Айна Аманкелдіқызы.

2025 жылдың сәуір айында Айна ханым өз кәсібін одан әрі дамытып,

НАН ПАДИШАСЫ...

Күн сайын бұл шағын кәсіпорында 500-600 нан, булочка, сүт нан және қара нан пісіріліп, тұтынушыларға жеткізіледі. Жергілікті халық үшін бұл тек күнделікті азық емес, отандық кәсіпкерлікті қолдаудың үлгісі.

Айна апай бастапқыда дәл осы наубайханада жұмыс істей жүріп, нан пісіру ісіне қызығушылығы оянып, бұл кәсіпті тереңірек игеруге бел буды. Біртіндеп тәжірибе жинап, наубайхана ісінің барлық қыр-сырын үйреніп алды. Ол бұл

жаңа нысан – «Аманкелді» деп аталатын кафе ашты. Бұл жоба да кәсіпкердің өз қаражаты есебінен жүзеге асты. Кафе Белкөл кентінің орталығында орналасып, қазіргі таңда тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналууда. Мұнда әртүрлі дәмді тағамдар ұсынылады, мерекелік кештер өткізіледі.

Кафенің ашылуы жай ғана бизнес емес, бұл – ауыл тұрғындары үшін жаңа жұмыс орындарының ашылуы, жастардың кәсіпке деген қызығушылығын арттыруға жол. Айна Аралбаева бұл жобасы арқылы ауылдағы қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Айна Аманкелдіқызы – Ақтөбе қаласында жол бойы қызмет көрсету саласы бойынша білім алған маман. Ол өз мамандығын тәжірибемен ұштастырып, кәсіпкерлік саласына батыл бет бұрды. Бүгінде алған білімін туған жерінің игілігіне жұмсап, туған ауылын көркейтуге үлес қосып жүр.

Жас та болса, алғыр кәсіпкер – бүгінде 34 жаста. Екі баланың анасы бола тұра, отбасын да, кәсібін де қатар алып жүру – оның жауапкершілікке толы өмірлік ұстанымының белгісі.

2025 жыл Қазақстанда жұмысшы мамандықтарды дәріптеу жылы ретінде атап өтуде. Бұл бастама еңбек адамдарын, шағын кәсіп иелерін қолдауға бағытталған. Айна Аралбаеваның кәсіпкерлік жолы дәл осы жылдың идеясымен үндес. Оның бастамасы, тәзімділігі, қарапайым

еңбектен үлкен жетістікке жеткені – жастарға үлгі.

Аралбаева Айна Аманкелдіқызы – тек кәсіпкер емес, ол – еңбегімен еліне елеулі іс тындырып жүрген әйел. Оның табандылығы, еңбекке деген адалдығы мен туған ауылына деген сүйіспеншілігі – нағыз патриоттың бейнесі. Осындай жастарымыз көп болса, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз.

Қазына ҚҰЛМЫШОВА